

Қазақстан Республикасының білім және ғылым
министрлігі

Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми практикалық
орталығы

**Сөйлеу тілі жалпы дамымаған ІІІ-деңгейдегі
балалармен логопедиялық жұмысты
ұйымдастыру**

Әдістемелік ұсынымдар

Алматы, 2014

УДК 376 (072)

ББК 74.3

И 13

Рецензенттер: Өмірбекова Қ.Қ.

- педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор.

Абаева Г.А.

- педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

И 13 Құрастырушы: Ибатова Г.Б. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған III-деңгейдегі балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастыру: Әдістемелік ұсынымдар. –Алматы, 2014. 70 бет.

ISBN 978-601-298-325-8

Әдістемелік ұсынымдар СТЖД балалармен түзете-дамыту жұмысын жүргізетін логопед мамандардың кәсіби іс-әрекетін тиімді, сапалы жүргізуге көмегін тигізеді. Аталған оқу-әдістемелік құралы СТЖД балалар топтарындағы мұғалім-логопедтерге, тәрбиешілерге және ата-аналарға арналған.

Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми практикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесіндемақұлданып, ұсынылған, №1 хаттама 3.11.2014 жыл

УДК 376 (072)

ББК 74.3

ISBN 978-601-298-325-8

© ТП ҰҒПО, 2014

© Ибатова Г.Б., 2014

Мазмұны

Түсініктеме	3
I. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы	6
Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының этиологиясы	13
Сөйлеу тілі дамуының III-деңгейі	14
Балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы	14
II. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды логопедиялық тексеруден өткізу	17
Логопедиялық тексерудің қағидалары	18
Логопедиялық тексерудің әдістемесі мен мазмұны	19
Сөз қорын тексеру	20
Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын тексеру	21
Байланыстырып сөйлеуін тексеру	22
СТЖД (III-деңгей) балалардың сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық құралдарын (сөзжасам, сөзөзгерту) тексеру әдістемелері	22
СТЖД (3-деңгей) балалардың сөйлем құрау дағдыларын тексеру әдістемелері	29
Дыбыстарды дұрыс айтуын тексеру әдістемелері	32
СТЖД (III-деңгей) балалардың байланыстырып сөйлеуін тексеру әдістемелері	44
III. СТЖД III- деңгейде түзету-педагогикалық жұмысын ұйымдастыру	47
Балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстың бағдарламасы (ересектер тобы)	48
Логопедиялық сабақтардың мазмұны	51
СТЖД топтарда логопедиялық жұмысты ұйымдастыру	52
СТЖД балалар тобындағы тәрбиешінің жұмысы	56
Қосымшалар	60
1.СТЖД балаларға арналған ұйымдарда заттық-дамыту ортасын орнатуға арналған құрал-жабдықтар	60
2. СТЖД балалардың ата-аналарына арналған әдістемелік нұсқаулар	61
3.СТЖД III -ші деңгейдегі балаларға арналған сөйлеу картасы	63
Әдебиеттер тізімі	68

ТҮСІНІКТЕМЕ

Сөйлеу тілі ақаулықтарының ішіндегі ең көп тараған және күрделі түріне жататыны сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) болып саналады. Ондай балалар кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауға мұқтаж. Республикамызда ондай балалар әр түрлі арнайы білім беру, түзету мекемелерінде көмек алуға құқылы.

Бүгінде, дамуында ауытқуы бар балаларға, олардың ата-аналарына деген қоғамның көзқарасы түбегейлі өзгеруде. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты Қазақстанның бірқатар халықаралық құжаттарға қол қоюы және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау көрсету туралы» Заңы, 2005ж. оларға қатысты біршама мәселелерді шешуге ықпалын тигізеді. Сонын бірі ретінде, қазіргі білім беру мекемелеріне арнайы тағайындалған мемлекетіміздің маңызды заңдарының бірінде көрсетілгендей инклюзивті білімді дамыту шаралары қолға алынуда. Инклюзивтік білім беру – мектеп жасына дейінгі әр түрлі мұқтаждықтағы даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды дамытуды, мектепке дейінгі білім алуға және дамытуға қол жеткізуді көздейтін кіріктірілген білім беру процесі.

Республикада арнайы оқыту саласында біршама жағымды өзгерістердің байқалуымен қатар, осы уақытқа дейін шешуін таба алмай келе жатқан мүмкіндіктері шектеулі балаларды ана тілінде түзете-оқыту, тәрбиелеу мәселесі. Оқыту үрдісін жүргізбес бұрын аталған қазақ тілді балалардың ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің ерекшеліктерін зерттеу қажет.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (СТЖД) қазақ тілді мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту қазіргі кездегі логопедияның өзекті де, күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Ондай балалармен түзету-педагогикалық жұмысты тиімді, ұтымды ұйымдастыру қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жүйеленген жұмыс мазмұнын және тәсілдерін анықтаумен тығыз байланысты. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін СТЖД балалардың сөйлеу тілінің, атап айтатын болсақ, лексикалық-грамматикалық жағын, дыбысты айтуын, байланыстырып сөйлеуін анықтауға бағытталған арнайы зерттеулер Қазақстанда жеткіліксіз, жоқтың қасы десек те болады.

Сондықтан да, аталмыш нұсқау логопедиядағы әлі де толық зерттелмеген маңызды мәселе – мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған III-деңгейдегі балалардың (яғни, тіл жүйесінің барлық компоненттерінің бұзылысы бар балалардың) сөйлеу тілін тексеру және лексикалық-грамматикалық жағын, дыбысты айтуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруға арналған.

Қосымшада сөйлеу картасының үлгісі, СТЖД балалармен жұмыста қолданатын тапсырмалар үлгілері, аталған балаларға арналған ұйымдарда заттық-дамыту ортасын орнатуға арналған құрал-жабдықтар, СТЖД III-деңгейдегі балаларға арналған ойындар, тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі және СТЖД балалардың ата-аналарына арналған, баламен жұмыста қолданатын жұмыс түрлері берілген.

Автор, аталған оқу-әдістемелік құралдың СТЖД балалармен түзете-дамыту жұмысын жүргізетін логопед мамандардың кәсіби іс-әрекетін тиімді, сапалы жүргізуге көмегін тигізеді деп сенеді. Аталған оқу-әдістемелік құралы СТЖД балалар топтарындағы мұғалім-логопедтеріне, тәрбиешілерге және ата-аналарға арналған.

СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЖАЛПЫ ДАМЫМАУЫ СТЖД анықтамасы және оның деңгейлері

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы –есту қабілеті мен зияты әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі жүйесінің барлық компоненттерінің қалыптасуының бұзылуынан болатын әртүрлі күрделі тіл кемістіктері.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауын (ары қарай СТЖД) Ресейлік дефектология ғылыми зерттеу институтының Р.Е.Левина бастаған ғалым қызметкерлер (Н.А.Никашина, Г.А.Каше, Л.Ф.Спирова, Г.И.Жаренкова және т.б.) 50-60 жылдары мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тіл кемістіктерін жан-жақты зерттеулердің қорытындысының нәтижесінде ғылыми тұрғыдан негіздеді. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы алалия, афазия, ринолалия, дизартрия сияқты күрделі сөйлеу патологияларының түрлерінде де байқалуы мүмкін.

Дыбыстарды айтуының бұзылуы, фонематикалық есту қабілетінің дамымауы, сөздік қоры мен грамматикалық сөйлем құрылымының артта қалуы жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың барлығына тән кемшілік.

Сөйлеу тілінің дамымауы әртүрлі деңгейде кездеседі. Алғашында Р.Е.Левина сөйлеу тілінің жалпы дамымауын үш деңгейге бөледі. Кейіннен Т.Б.Филичева 4-ші деңгейді сипаттап қосады.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының бірінші деңгейінде тілдің мүлде қалыптаспауы байқалады. Ондайларды мылқау балалар дейді. Бұл деңгейдегі балалардың кісімен тілдескенде анық байқалатын тіл кемістіктері мынандай болып келеді: былдырлап сөйлейді, жеке дыбыстарға еліктейді, жекелеген зат есімдік сөздермен, күнделікті тұрмыста айтылып жүрген етістік сөздерді пайдаланады, сөйлемді былдырлап, мүлде түсініксіз етіп үзіп-үзіп айтады, сөйлемде дыбыстар анық айтылмайды, әрі тұрақсыз, құбылмалы келеді. Олар айтайын деген ойын қолдарын ербеңдету арқылы ым-ишара қолданып, ымдап түсіндіруге тырысады. Сөйлеу тілінің бұндай кемістіктері зияты бұзылған балаларда да болуы мүмкін.

Сөйлеу тілінің дамуының *бірінші деңгейін* былай сипаттауға болады:

1. Сөздік қоры жоқтың қасы. Ол былдырлап түсініксіз айтылған сөздерден, басқа дауысқа еліктеген дыбыстарда (р-р-р, ш-ш-ш,) күнделікті қолданылатын кейбір оңай сөздерден тұрады (ту-су).
2. Баланың енжар сөз қоры пайдаланатын сөз қорынан едәуір молырақ болады, бірақта сөз түсінігі тым таяз. Сөздерді бірнеше рет қайталанған таныс жағдайда ғана түсінеді. Мысалы: «Қолыңды қалтаңнан ал» деген бұйрықты бала дұрыс орындауы мүмкін. «Қалтаңды көрсет» дегенде ол көрсете алмайды. Өйткені ол «қалта» деген сөздің мағынасын түсінбейді. Байланыстырып сөйлеу қабілеті мүлдем дамымаған.
3. Сөздің, дыбыстың, буынның құрамын сақтап, қайталау қабілеті дамымаған.

Бұл деңгейді қысқаша қолданбалы сөйлеу тілінің болмауы деп сипаттауға болады.

Сөйлеу тілі дамуының екінші деңгейіндегі балалар төмендегідей сипатталады:

1. Балалардың белсенді сөз қоры зат есім, етістік, сын есім, үстеу сөздерімен толықтырылады.
2. Сәтсіз болса да бұл деңгейдегі балалар септік жалғаулар мен жұрнақтарды пайдалана бастағаны байқалады.
3. Бұл деңгейде балалар сөзді байланыстырып сөйлей бастайды.
4. Сөзді түсінуі жетіледі, белсенді және енжар сөз қорлары толығыады.
5. Әлі де көп дыбыстарды және кейбір сөздерді дұрыс айта алмайды. Дыбыстық талдау, жинақтау әдістерін игеруге дайын еместігі байқалады.

Біздің тоқталатынымыз сөйлеу тілі дамуының үшінші деңгейі болғандықтан, осы мәселені толық ашып көрейік. Сөйлеу тілі дамуының үшінші деңгейі сөйлем құрамындағы лексикалық-грамматикалық және фонетикалық-фонематикалық элементтердің жетілмеуімен сипатталады.

Осындай дәрежедегі, әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар айналасындағылармен тілдесіп, сөйлесе алады, бірақ қанша дегенмен де өзінің айтайын деген ойын анықтап түсіндіре алмайды. Тіпті, бала дұрыс айта алады-ау деген кейбір дыбыстардың өзі де, өз бетімен сөйлегенде жеткілікті түрде айқын шықпайды.

Тап осы фонематикалық топтағы екі немесе бірнеше дыбыстарды бір дыбыспен немесе бірнеше дыбыстарды бір мезгілде алмастырған кезде дифференцияланбаған дыбыстардың айтылуы өзгеше болады (негізінде ысқырық және ызың дыбыстар, аффрикат, мұрын жолды дыбыстары). Мысалы: *сәй-шай, сана- шана, қал-қар*.

Сонымен бірге балалар барлық сөз таптарын пайдалануды, грамматикалық құрылымның қарапайым түрлерін қолдануды үйренеді, салалас, құрмалас пен бағыныңқы құрмалас сөйлемдерді құрастыруға тырысады. Мысалы: *Айдош мектептен келді де шабағын оқуға отылды*.

Баланың тілі жетіліп жаңа дыбыстармен толықтырылған әр түрлі буындары бар сөздерді айтқанда сөздегі дыбыстардың дұрыс, дұрыс емесін және олардың бұзылу ерекшеліген айқындауға болады, сөз тіркестерін байланыстырып сөйлеу мүмкіншілігі артады. Бала өмірден алған тәжірибесінің нәтижесінде күнделікті тұрмыстағы өзіне жақсы таныс болып қалған заттардың атын, түсін, тұлғасын, сапасын, бөлігін, және хал-жайын айтып беруге енді бұрынғыдай қиналмайды.

Олар өздерінің үй-іші туралы, өзі және достары туралы, айналасында болып жатқан тіршілік туралы емін-еркін әңгімелеп бере алады. Қысқа әңгіме де құрастырады.

Алайда, сөйлеу тілін жан жақты мұқият тексерген кезде тілге қатысты жүйенің (лексиканың, грамматиканың, фонетиканың) бір бөлігінің толық дамымауын айқындайтын көріністі көруге мүмкіндік туады.

Бала ауызекі сөйлескенде өзінің тілі келмейтін қиын сөздерді, нақышты сөз тіркесін айтпауға тырысады. Егер сондай балалардың алдарында шарт

койса, онда сөздің және грамматикалық категориялардың қандайын болса да, міндетті түрде пайдаланады да, сөйлеу тілінің дамуындағы кемшіліктер айтарлықтай анық көрінеді.

Бала сөзді емін-еркін қолданып сөйлегенімен, сөйлеу тілі дұрыс дамыған құрдастарына қарағанда, өздігінше сөйлем құрау кезінде үлкен қиындық көреді.

Әдеттегідей қиыстыру мен меңгеру қателерінен шығатын аграмматизмдерді дұрыс құрастырылған сөйлемнен де кездестіруге болады. Бұл қателер тұрақты сипат бермейді: грамматикалық тұлғалардың немесе категориялардың әр түрлі жағдайлары дұрыс та, бұрыс та қолданылуы мүмкін.

Құрмалас сөйлемді жалғаулығымен және жалғаулықты сөзімен құрастырған кезде қателер жіберілетіні байқалады. Бала сурет бойынша сөйлем құрастыру кезінде қатынасушы кісіні және қимыл-іс әрекетінің өзін жиі көрсетіп дұрыс атап отырса да, сөйлем құрамына қатынасушы кісінің пайдаланған затының атын кіргізбейді.

Сөздік қорының едәуір өскеніне қарамастан, лексикалық мағынасын толық білмейді (*шынтақ, иық, білек, өзен, көл, бұлақ, шалбардың бұты, балағы; көйлектің етегі, жағасы, жеңі*), бірсыпыра сөздерді дәл түсінбейді және дәл қолданбайды (*кесу, қию, пішу*). Лексикалық қателердің ішіндегі көзге түсетіндері төмендегідей:

а) заттың атын сол заттың бөлшегінің атымен алмастыруы (*құлақ – «бас», дөңгелек - «машина»*);

ә) мамандықтың атын сол маманның істейтін әрекетімен (кәсібімен) ауыстырады (*әнші – тәте өлең айтады*);

б) тектес заттардың меншікті аттарын атамай олардың сыртқы түрлерінің ұқсастығына және тұрмыстағы қолдануларына қарап жалпы атауларымен атайды (*қарға - «құс», қарағай – «ағаш»; етік, бәтіңке – «аяқ киім»*);

в) көлемін білдіретін белгілердің орнын алмастыру (*биік, кең, ұзын – үлкен; қысқа, аласа, тар, жіңішке- кішкентай*).

Бала өз бетінше еркін сөйлесіп отырған кезде заттың белгілерін, күйін, қимыл іс- әрекетін білдіретін сын есім мен үстеу сөз таптарын аз қолданады.

Бала жаңа сөздерді сөйлеп дағдыланбағандықтан іс жүзінде көп қолданбай сөздік қоры тоқырап, кедейленіп қалудың әсерінен оған сөздің морфологиялық элементтерін айыруға мүмкіншілік бермейді.

Көп балалар жаңа сөздерді қолданған кезде қателерді жиі-жиі жібереді. Шынында да, дұрыс сөздердің жасалуымен қатар кемшіліктері де болады. Мысалы: көрпе- көрпешілік, көрпе - кішкентай көрпе.

Осыған ұқсас қателер бірлі-жарымдап тілдері жаңа шығып келе жатқан, дендері сау балаларда кездесуі мүмкін, бірақ олар тез арада жоғалып кетеді.

Үшінші деңгейде сөйлеу тілінің дамуы бойынша баланың фонематикалық тілінің жасалуы жасының мөлшерімен салыстырғанда артта қалуы айтарлықтай шамада: олардың сөйлеу тіліндегі дыбыстардың барлық

түрлерінің дұрыс айтылмауы әлі де байқалады (сигматизм, ротацизм, ламдацизм, үндестік ақаулығы, ұяңдануы).

Сөздегі дыбыстардың түсіп қалатын тұрақты қателері, ең қиын сөздердегі буындардың бұзылуы байқалады. Мысалы: велосипед – сипед, сасипед, сапапа; милиционер – мисонед, мисинел.

Фонематикалық естуі және түйсіну қабілетінің нашар дамуының салдарынан баланың сөздің дыбыстық құрамын талдау және топтау дағдылары өз бетінше қалыптаспауы байқалады, сондықтан балаға логопедтің көмегі көрсетілмесе, кейін мектепте сауатын ашу кезінде балаға қиын болады.

Кейінгі кезде Қазақстанда Абай атындағы ҚазҰПУ арнайы педагогика кафедрасы оқытушылары (Қ.Қ.Өмірбекова, Г.Б.Ибатова, Г.Н.Тулесбиева) мектепке дейінгі жастағы қазақ тілді балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктерін анықтауға бағытталған зерттеулер жүргізді. Зерттеу нәтижесінде қазақ тілді СТЖД балалардың сөйлеу тіліне тән көптеген кемшіліктер, қателер кездесетіні анықталды. Ол кемшіліктер сөйлеу тілінің құрылымдық компоненттерінің барлығына қатысты, атап айтсақ: фонетикалық, лексикалық, грамматикалық (сөзжасам, сөзөзгерту, сөйлем құрау) жағы.

Сөйлеу тілі дамымаған қазақ тілді балалардың дыбыс айтуын тексеру барысында көбінесе ызың, ысқырық, сонор дыбыстарының жиі бұзылатыны байқалады. Қазақ тіліне тән дыбыстардың ішінде: *ң, қ, ұ, ү* фонемаларын алмастыру, шатастыру жиі кездеседі (Қ.Қ.Өмірбекова, 2009). Сонымен қатар балалардың фонематикалық қабылдау деңгейі өте төмен екені, ал дыбыстық талдау дағдыларының қалыптаспағаны анықталды. Сөздің буындық құрамының бұзылуы жиі кездесетіні байқалды, әсіресе көпбуынды сөздерді, жиі қолданбайтын таныс емес сөздерді айту барысында (Мысалы, *қарындаш-қандаш; балапан –бапалан, бапапан; буратино-буритана, домбыра- домра, домбба; экскаватор –еватол*).

Тілдің грамматикалық жағының қалыптасуы мен қолдануында әр түрлі қиындықтар байқалады: зат есімнің көптің жалғауын пайдаланғанда қазақ тілінің сингармонизм заңын сақтамауы (мысалы, *үйректар, кеселар, кітаптар кітапдар т.б.*); көптік жалғауларды мүлдем қолданбауы (мысалы, *донтар- көп дон, балалар-көп бала т.б.*); зат есімнің көптік жалғауларымен кездескен сөздерді ілік септігінде қолдана алмауы (мысалы, *балалардың – балаларның, көшелердің –көшелернің т.б.*); септік жалғауларды қолдану барысында әр түрлі қателер байқалды, әсіресе ілік, табыс, көмектес септіктерін қолдануда (мысалы, сурет бойынша «кімнің көйлегі?» деген сұраққа «*қыз көйлек*» деп жауап береді); сөз өзгерту дағдылары мүлдем қалыптаспаған деуге болады (сурет бойынша мамандықтарды атағанда балалардың көпшілігі сатушыны – «*дүкендегі тәте*», «*сатады*»; әншіні – «*ән айтады*» деп атайды). (Г.Б.Ибатова, 2010)

Сонымен, сөйлеу тілі дамуының *үшінші деңгейі* мынандай кемшіліктермен сипатталады:

1. Бала ауызекі байланыстырып сөйлегенде кейбір сөздерді білмейтіндігі және дұрыс қолдана алмайтындығы байқалады. Сөздік қорында көбінесе зат есім, етістік көп кездеседі де сын есім, үстеу таптары аз кездеседі.
2. Тілдің грамматикалық жағының дамымағаны байқалады. Балалар септік жалғауларды, жұрнақтарды қолдануда қате жібереді. Сөз өзгерту қабілеті мүлдем дамымаған.
3. Сөйлегенде көбінесе тек жәй сөйлемдерді қолданады, құрмалас сөйлемдер сирек кездеседі.
4. Бұл деңгейдегі көптеген балаларда сөздің буындарын дұрыс айтпау кемшіліктері сақталады да, талдау жинақтау тәсілдерін меңгеруде қиындық туғызады.

Сөйлеу тілі дамуының *төртінші деңгейіндегі балалардың сипаттамасы*.

Әдетте, СТЖД балалардың мектепалды даярлық тобына келіп түсуі алдында, өткен жылдарда сөйлеу тілі кемістіктері түзелген болса да, сөйлеу тілі компоненттерінің (фонетика, лексика, грамматика) дәл сол берілген уақытта белгіленген шамаға келмеуіне байланысты балалармен сөйлеу тілін дамыту жұмысы келесі топта жалғастырылады.

Сөйлеу тілінің мұндай кешеуілдеуі кейінгі уақытқа дейін жалпы сөйлеу тілі дамымауының көмескі түрі деп аталып келді. Сөйлеу тілінің бұл түрін ресейлік автор Т.Б.Филичева және Қазақстандық автор М.С.Грушевская зерттеген.

Қазіргі уақытта сөйлеу тілінің мұндай дамымауын «СТЖД 4-ші деңгейі» деп белгілейтін болды. (Т.Б.Филичева).

Бұл деңгейдегі балалар ең алдымен, өз ойларын түйіндеп айта алмаумен сипатталады. Берілген тақырып, сурет, сюжетті суреттер сериясы бойынша, тіректі сурет схемасы бойынша әңгіме құрастыру кезінде, жүйелі логикалық ой бағыты бұзылып, ортасында тоқтап қалып, негізгі түйінін айтпай кетеді және жеке эпизодтарды қайталай береді.

Әңгімелеуінде балалар аз ақпарат беретін жәй және жайылма сөйлемдерді қолданады. 4-ші деңгейдегі балалар өз ойларын жоспарлай алмайды, тіл құралдарын іріктеуде қиналады.

Осы деңгейдің барлық балаларын Т.Б.Филичева (1999) екі топқа бөледі

Бірінші топ (шамамен балалардың 70-80 %) – фразалық сөйлеу тілін пайдалануды меңгергендер. Олар қойылған сұрақтарға дұрыс жауап береді, сурет бойынша қысқаша әңгіме құрай алады, жеңіл мәтінді айтып береді. Сөйлеу тілі нәтижесін терең талдау барысында – оның жоғары дәрежеде емес екені байқалады.

Сөйлеу тілінің дыбыс айту жағы қалыптасқан, бірақ жеке дыбысты айтудың бұзылыстары орын алады, аз таныс, көп буындық және дауыссыз дыбыстар қатар келген сөздерді қайталап айтуда қиындықтар кездеседі (*bisoped – велосипед, милицарер – милиционер, құлышы – құрылысшы*), жалпы бұрмалау, дыбыс айтудың анықсыздығы.

Ересектер тобында оқу барысында балалар бір буындық сөздерге (тас)

талдау жасап, тік буынды талдап жинақтауға, сөздегі дыбыстың орнын табуға үйренеді.

Сонымен қатар балалар әлі сөйлеу тілі қалыпты дамыған балалардың даму деңгейіне жетпейді.

Толық фразалы сөйлеу фонында сөйлеу тілі жүйесінің әр компонентінің дамуында жеке ауытқулар байқалады. Сурет бойынша әңгіме құрып, сөйлем құрастыру, өз бетімен әңгімелеу едәуір қиындықтар тудырады.

Балалардың сөйлеу кезіндегі сөйлемдері бастауыштан, баяндауыштан және толықтауыштан тұратын, жәй және жайылма сөйлемдері болып келеді. Сөз таптарының ішінен, сын есім, сан есім, үстеулер, есімшелер, көсемшелер сирек кездеседі.

Бағыныңқы құрмалас сөйлемдердің құрамы жеңілдетілген. (*Әсет асық ойнайды, Асан машина ойнайды*). Бастауыш немесе зат есім сөзін мүлде айтпай кетеді де, аздап қарсылықты мен талғаулы жалғаулықтар азнаулақ кездеседі, бағыныңқы құрмалас сөйлем жалғаулықтары жете меңгерілмеген.

Сөйлеу құралдарын қолдануларының шектеулігі сөйлеу тілінде, әсіресе сөз өзгерту және сөзжасамға берілген тапсырмаларды орындағанда анық көрінеді.

Бұл балалар синонимдерді іріктегенде қиналады да, антонимдерді болымсыз етіспен, «емес»- сөзінің көмегімен құрайды (*таза – таза емес (кір, лас), жылы – жылы емес (суық), кәрі- кәрі емес (жас)*), кейбір антонимдерді бір сөзбен алмастырып пайдаланады, (үлкен деген сөз биік, жоғары, ұзын, жалпақ сөздерінің орнына жүреді) бұл да сөйлеу тілінің көмескі түріндегі балаларға тән қасиет (Г.Б.Ибатова, 2010).

Төртінші деңгейдегі балалар сөздерге көптік жалғауын дұрыс жалғай алмайды, (*ағаштар - ағаштар, көйлектар – көйлектер, киімдар - киімдер, шалбардар - шалбарлар*). Сөйлеу тілінде кеңістікке қатысты сөздер аз қолданады: *жан-жағында, артында, арасында, алдында, ішінде, жанында*; дұрыс қолданатыны бұрын үйретіліп бекітілген үстінде, астында деген сөздер.

Екінші топты (20-30 %) тіл құралдары аса шектеулі балалар құрайды. Оларда бірінші топқа қарағанда көбінесе сөйлеу тілінің дыбыс айту жағы бұзылған, сөз қоры сапалық және сандық жағынан төмен. Мысалы, олар сөз жасауды жақсы меңгермеген, түбірлес сөздерді, синоним, антонимдерді іріктеуге берілген тапсырмаларды қиындықтармен орындайды.

Балалардың өз бетімен сөйлеу әрекеті ересек адамның көмегін қажет етеді, сөйлем құрамы бұзылған (басыңқы және болмашы мүшелерін тастап кету) байқалады, жалғаулықты сөздер сөйлемдерге кірмейді. Мысалы: «*Мен бармадым*», немесе «*Мен барған жоқпын*», «*Мен алған жоқпын*» деп *айтудың орнына балалардан: «Мен бардым жоқпын», «Мен алдым жоқпын»* -деген жауаптар естуге болады.

Бұл топ балалары жалпылама сөздерін аз пайдаланады (киім, аяқ киім, көлік, азық- түлік, мамандық т.б.)

Сөйлеу тілінің мағыналық жағын жетік меңгермеген. Өсімдіктердің, әртүрлі мамандық иелерін, дене мүшелерін білдіретін сөздердің қатарын келтіруге болады (бакташы, бағбан, бірқазан, кактус, самай, иек, шынтак, мойын, тізе). Балалардың сөйлеуінде, тұрақты болып зат есімнің кішірейтіліп алынған жұрнақтары қолданылмайды немесе балалар қате айтады (үйшік – кішкентай үй), тәуелдік жалғаулары сын есіммен байланыстырылмайды (қасқырның ұзын құйрық (қасқырдың ұзын құйрығы)).

Сөйлеу тілі дамуының 4-ші деңгейіндегі балалар идиоматикалық айтылудың ауыспалы мәнін түсінуде қиналады: «алтын күз», «алтын алақан», «ыстық жүрек» т.с.с.

Аталған қателер бірнеше рет тиянақты, сапалы түрде тексеру және лексикалық материалды кеңінен қолданғанда ғана айқындалады. Төртінші деңгейде лексикалық – грамматикалық дамудың ерекшелігі қалыпты дамумен салыстырғанда анық көрінеді.

Балалардың сөйлеу тілінің даму барысындағы оң өзгерістерге қарамастан, балалардың байланыстырып сөйлеу тілін меңгерудегі айтарлықтай өзгерісті байқай отырып, логопедиялық тәсілдерді пайдалану дифференциалды түрде болып, жұмыс барысын осыған орай құру қажет болады.

СТЖД көмескі түріндегі (4-ші деңгейдегі) мектеп жасына дейінгі балалардың мектепке дайындығын тексеру нәтижесінде көру – моторлы координациясының, естіп және көріп есте сақтауының жеткіліксіздігіне, қолдың ұсақ моторикасының, сукцессивті функциялардың бұзылғандығына көз жеткізуге болады. Әрине, осының барлығы ертең баланың мектептегі үлгерімінің төмен болуына әкелетіні сөзсіз. Сондықтан осының барлығын логопед түзету жұмысын ұйымдастырғанда ескеруі қажет.

Көптеген авторлар (Р.Е.Левина, Б.М.Гриншпун, Т.Б. Филичева) сөйлеу тілі дамымаған балалардың коммуникативті дағдыларының қалыптасуындағы қиындықтар орын алатынын дәлелдеген. Қарым – қатынас жеткіліксіздігі өз алдына танымдық және сөйлеу-ойлау әрекетіндегі қиындықтарға алып келеді. СТЖД балаларға қарым-қатынас жасау қажеттілігінің төмендігі, диалогтық және монологтық сөйлеу тілдерінің қалыптаспауы, қатынас жасауға қызығушылығының жоқтығы, қатынас жағдайында бағдарлау білігінің аздығы тән.

Баланың өз бойындағы кемшілікке теріс көзқарасы, оның қарым-қатынасқа тез түсуіне кедергі болады.

Баланың жетілмеген сөйлеу тілін дамытуға бағытталған логопедиялық жұмысты ұтымды ету мақсатымен, түзете - оқыту жұмысы мазмұнында мектеп жасына дейінгілердің коммуникативтік білігін өсіруді алдын – ала қарастырған жөн.

СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЖАЛПЫ ДАМЫМАУЫНЫҢ ЭТИОЛОГИЯСЫ

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы – ол есту қабілетімен зердесі сақталған балаларда пайда болып, тіл жүйесінің барлық компоненттерінің (лексика, грамматика, фонетика, солардың салдарынан байланыстырып сөйлеуі) жеткіліксіз дамумен сипатталады. СТЖД-нда «сөйлеу тілі кеш дамып бастайды, сөз қоры өте аз, аграмматизмдер, дыбыс айту және фонема жасау бұзылыстары» байқалады.

СТЖД- ол полиэтиологиялық бұзылыс. Практикалық логопедке сөйлеу тілінің кемістігінің пайда болу себебін, қандай фонда пайда болғанын, баланың сөйлеу тілінің дамуына қосымша неврологиялық бұзылыстар, генетикалық алғышарттар, психикалық әрекетінің, тұлға ерекшеліктерінің, дәрі-дәрмекпен емделудің қандайәсері бар екенін білу маңызды. Бұл факторларды логопед дәрігер мамандардың қойған қорытындылары негізінде талдайды.

СТЖД өз бетінше патология ретінде де, басқа күрделі бұзылыстардың (алалия, ринолалия, дизартрия т.б.) әсерінен де болуы мүмкін. Сөйлеу тілінің өз бетінше немесе «таза түрдегі» патологиясы деп баланың жасына сай дыбыс айтуының, фонематикалық қабылдауы және сөз қоры мен грамматикалық құрылымының қалыптаспағандығын, оның салдарынан байланыстырып сөйлеу тілінің дамымауын есептеуге болады.

СТЖД себептері:

- Отбасында сөйлеу тілінің дұрыс қалыптаспау жағдайлары;
- Сөз арқылы қарым-қатынастың жеткіліксіздігі (мысалы, балалар үйінде);
- Баланы қоршаған жағымсыз әлеуметтік жағдайлар (әлеуметтік жағдайы нашар немесе толық емес отбасы);
- Соматикалық аурулар салдарынан баланың денсаулығының нашарлығы;
- Минималды неврологиялық бұзылыстар;
- Орталық жүйке жүйесінің (ОЖЖ) ерте жастан зақымдануы;
- Тұқым қуалаушылық фактор (жеке жағдайларда).

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың клиникалық сипаттамасы бір қалыпты емес (Е.М.Мастюкова). СТЖД балаларды үш негізгі топқа бөлуге болады:

1. *Күрделенбеген түрі.* ОЖЖ аса білінетін симптомдары жоқ. Сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің дамымауы бұл балаларда сәл ғана неврологиялық бұзылыстармен бірге жүреді. Атап айтқанда, бұлшық ет тонусының жеткіліксіздігі, қимыл дифференцировкаларының жеткіліксіздігі; эмоция-ерік жағының дамымауы, ерікті әрекеттерді реттеуінің әлсіздігі т.б.
2. *Күрделенген түрі.* Сөйлеу тілінің кемістігі, бас миының қан қысымының жоғарылығы синдромы, цереброастениялық және неврозға ұқсас синдромдары, қимылдарының баяулығы синдромы және

зейінінің тұрақсыздығы сияқты, бір қатар неврологиялық және психопатологиялық синдромдармен бірге жүреді. Бұл топ балаларында барлық психикалық процестердің тежелуі, гнозис пен праксистің жеке түрлерінің бұзылыстары, моторлы епсіздіктері байқалады.

3. *Терең және тұрақты дамымау.* Ол бас миындағы сөйлеу тілі зоналарының органикалық зақымдалуы салдарынан болады. Бұл топты моторлы алалиясы бар балалар құрайды.

Сонымен, СТЖД-ында сөйлеу тілі кеш дамып бастайды, тілдің барлық жүйелерінің қалыптасуындағы кешеуілдеу және денсаулығының әлсіздігі салдарынан сенсорлы, интеллектуалды процестердің екіншілік-баяу дамуы байқалады.

СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМУЫНЫҢ ІІІ-ДЕНГЕЙІ

Балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы баланың зерде, сенсорлы, ерік аяларының қалыптасып, дамуына әсерін тигізеді.

Сөйлеу тілі бұзылыстарымен психикалық дамудың басқа жақтарының арасындағы байланыс екіншілік ақаулардың пайда болуына себепші болады.

Сондай-ақ, ойлау операцияларының (салыстыру, топтастыру, талдау, жинақтау) меңгеруге қажетті алғы шарттарын меңгергенімен балаларда сөздік-логикалық ойлауы дамымаған болады да, ойлау операцияларын қиналып меңгереді.

Т.Д.Барменкованың экспериментальды зерттеулері бойынша (1997ж.) СТЖД мектеп жасына дейінгі балалар логикалық операциялардың қалыптасу деңгейі бойынша қалыпты дамып келе жатқан өз құрдастарынан айтарлықтай артта қалады.

Логикалық операциялардың қалыптасу деңгейі бойынша автор балаларды *4 топқа* бөледі.

Бірінші топ балаларының вербалді және вербалсіз логикалық операцияларының қалыптасу деңгейі жоғары, сөйлеу тілі қалыпты дамыған балалардың көрсеткіштеріне сәйкес келеді, танымдық белсенділігі, тапсырмаға қызығушылығы жоғары, бағытты әрекеті тұрақты және жоспарлы.

Екінші топ балаларының логикалық операцияларының қалыптасу деңгейі жас ерекшелігіне сай емес, төмен. Сөйлеу белсенділігі төмен, балалар сөздік нұсқауды қабылдағанда қиналады, қысқа уақытта есте сақтаудың көлемі шектелген, сөздер қатарын есте сақтай алмайды.

Үшінші топ балаларының бағытты әрекеті бұзылған, ол вербалді және вербалсіз тапсырмаларды орындағанда байқалады. Оларға зейінді шоғырландыруының жеткіліксіздігі, танымдық белсенділік деңгейінің төмендігі, қоршаған орта туралы түсініктерінің аздығы, себеп – салдар байланыстарын түсінудегі қиындықтар тән. Алайда, логопед тарапынан

тиісті көмек көрсетілген болса балалардың абстрактілі түсініктерді меңгеруге қажетті потенциалдық мүмкіндіктері жақсарады.

Төртінші топ балаларына логикалық операциялардың жетілмеуі тән. Балалардың логикалық әрекеті өте тұрақсыз, жоспарлауы жоқ, танымдық әрекеті төмен, тапсырмаларды дұрыс орындауын қадағалай алмайды.

Бірқатар авторлар (Р.Е.Левина, Т.Б. Филичева, Г.В.Чиркина, А.В.Ястребова) СТЖД балалардың зейін көлемінің және оның тұрақтылығының жеткіліксіздігін, оның таратуының мүмкіндігі шектеулігін атайды. СТЖД балалардың мағыналық, логикалық есте сақтауы сақталғанымен, вербалді есте сақтауы төмен, есте сақтаудың өнімділігі төмен. Олар күрделі нұсқауларды, тапсырмалардың элементтерімен кезектілігін ұмытып қалады.

Сөйлеу тілі дамуының бірінші деңгейіндегі балалардың есте сақтау белсенділігінің төмендігі танымдық әрекеттің даму мүмкіндіктерінің шектеулігімен бірге жүреді.

СТЖД балалар күрделі жағдайларда затты көріп тану кезінде заттың бейнесін белгілі бір қиындықпен қабылдайды, оны тану үшін балалар көп уақытты қажет етеді, жауап беру кезінде сенімсіздік байқалды және затты танып білу кезінде қателер жібереді. «Үлгімен сәйкестендіру» тапсырмасын орындаған кезде олар бағдарлаудың қарапайым формаларын қолданады. Мысалы: СТЖД балалар модельді перцепциялық әрекет бойынша тапсырма орындағанда көріп салыстыру тәсілін аз қолданды. Балалардың көріп қабылдауын зерттеу нәтижесінде СТЖД балаларда оның жеткіліксіз қалыптасқаны байқалады. Мнестикалық зерттеу нәтижесінде СТЖД балалардың сөздік нұсқауды есте сақтауы сөйлеу тілі қалыпты балалармен салыстырғанда нашар екені анықталды.

Зейінін зерттеу нәтижесі СТЖД балалар тез шаршағыш, экспериментатор тарапынан мадақтау, көмекті қажет ететінін көрсетті.

Сонымен, СТЖД балаларда сөйлеу тілі қалыпты дамыған құрдастарымен салыстырғанда, көріп қабылдауы кеңістікте бағдарлауы, зейіні, есте сақтауы төмен екені байқалады.

СТЖД балалар енжар, қатынас жасағанда сөзді бірінші бастамайды.

Ю.Ф.Гаркуша және В.В.Коржевина (2001 ж) зерттеулерінде көрсеткендей:

- СТЖД мектепке дейінгі жастағы балаларда қарым – қатынас жасаудың, мотивациялы – тұтынушылық аяның жетілмегендігі байқалады;
- Аталған қиындықтар сөйлеу тілі және когнитивті бұзылыстар кешенімен байланысты.

СТЖД балаларға жалпы соматикалық әлсіздігімен қатар қимыл аясының дамуындағы кейбір кешеуілдеулер тән; қимылдарының тепе – теңдігі әлсіз, қимылды орындау жылдамдығы мен дәлдігі төмен. Сөзбен нұсқау бергендегі қимылдарды орындауда балалар өте қиналады.

Моторлы аясының даму деңгейі төмен балаларда қимылдың бір түрінің екіншісіне ауысуда қиындықтар кездеседі, қимылдардың статикалық және динамикалық тепе – теңдігі жеткіліксіз, қимылды есте сақтауы жеткіліксіз

және ерік зейінінің деңгейінің төмендігі байқалады.

Моториканың даму деңгейі орташа балаларда кейбір сынақтарды орындаған кезде қосымша қимылдар жасауы байқалады, тапсырма орындау үшін олар ұзақ уақытты қажет етеді. Сөздік нұсқау бойынша тапсырмаға карағанда тапсырманы көрсету бойынша орындауы жоғары.

Моторикасының дамуы жоғары деңгейдегі балалар жас мөлшеріне жақындатылған: ұсақ және артикуляциялық моторикасы жақсы дамыған. Мұны, мектепалды даярлық топ балаларымен түзету жұмысы ұзақ уақыт жүргізілгендікпен түсіндіруге болады.

СТЖД балаларды психологиялық – педагогикалық диагностикалау барысында алынған мағлұматтар логопедтің осы балалармен оқу процесін ең тиімді жүйе бойынша жоспарлауға және әр балаға арналған түзетудің жеке әдістерімен тәсілдерін іріктеуге мүмкіндік береді.

Үшінші деңгей «фонетикалық және лексикалық – грамматикалық жағынын жетілмеу элементтері бар сөйлеу тілі» деп сипатталады. (Р.Е.Левина)

Өз сөйлеуінде балалар негізінен жай жайылма сөйлемдерді қолданады, күрделі конструкциялар сирек кездеседі. Сөз қоры кең, бірақ зат есімдермен етістіктерді көп қолданып, сөздердің басқа категориялары – сын есім, үстеу – аз.

Балалар сөйлеуінде сөздерді нақты қолданбауы жиі кездеседі:

- заттың бөлшектерін атағанның орнына тұтас затты атайды («оындық» – орындықтың арқасы, орындықтың аяғы);
- сөздерді нақты қолданбау («кұйды» сөзінің орнына «салды»; «шашты» сөзінің орнына «лақтырды»; «тоқыды» сөзінің орнына «тікті»; «секірді», «жүзеді», «жорғалайды» сөздерінің орнына «жүреді» т.б.).

Көрсетілген деңгейдегі балалардың сөз байлығының шамалы екенін, баланың күнделікті өмірде қолданбайтын заттарды атаған кезде байқауға болады. Мысалы, балалар: үйшік, қармақ, шанышқы т. с. сияқты сөздермен таныс емес. Заттар, қимыл-әрекет атауларын білмегендіктен, ізденіп, тырысып айтады («күшік»- ит, кішкентай ит, иттің баласы) деп айтады.

Фразалық, грамматикалық сөйлеу тілінің грамматикалық жағынан өңделуіндегі кемшіліктер:

- септік жалғауларды дұрыс қолданбауы;
- сөзжасам дағдыларының қалыптаспауы;
- сөзөзгерту дағдыларының жеткіліксіздігі.

Балалар сөзжасамға берілген тапсырмаларды орындағанда қиналады (үйшік – кішкентай үй, көрпеше- кішкентай көрпе, етікші – аға бәтіңке ұстап отыр, тігінші – тігеді), яғни балалар сөздердің морфологиялық құрамын жете түсінбейді. Сөйлеу тілін түсінуі толығырақ, анығырақ, балалар грамматикалық формалардың көбін «септік жалғаулардың мәнін» түсінеді. Кейбір грамматикалық формаларды әлі де жете түсінбейді, атап айтқанда: өткен шақ етістіктерді «себепті, уақытты және кеңістікті қатынастарды

білдіретін» логика – грамматикалық құрылымдарды.

Сөйлеу тілін фонетикалық жағынан өңдеу барысында 1-ші деңгейде айтарлықтай тұрақсыз құбылыс байқалады. Кейбір балаларда олар күрделі болып кездеседі де, дыбыс айтылуының өзгеріс амплитудасы мынадай түрде болады:

- дыбыстарды тастап, айтпай кету (шаала – шағала);
- дыбыстарды алмастыру (асық – атық, ара – ада);
- дыбыстарды тұрақсыз қолдануы (бір сөздерде дыбысты дұрыс, басқаларында – ауыстырып айтады);
- дыбыстарды айыра алмауы (ызың, ысқырық, қатаң және ұяң (ұяң, қатаң, жіңішке, жуан));
- дыбыстарды дифференциалды емес түрде айту (орташа артикуляция).

Үшінші деңгейдегі балалар сөздің буындық құрамын қайталап айтқанымен («жолбарыс»), сөздердің дыбыспен толықтырылуында, буындық құрамында бұзылыстар (зобарыс, бозалыс, зобалыс, зобауыс) болуы мүмкін.

Бұл деңгейде фонематикалық естуді жетілдіру үшін, жұмысты жүйелі түрде құрып, дыбыстық талдау сараптамасымен, жинақтауға үйретуге арналған жаттығулар легін пайдалануға болады.

Балалардың психикалық дамуында зейін тұрақсыздығы, әрекетке баяу қосылумен вербальді есте сақтау қабілетінің төмендігі, оқуға деген ынтасының нашарлығы байқалады. Балалардың қимылдары жылдам болады, іс-әрекет кезінде назарлары әр нәрсеге ауып кетеді, эмоциялық көңіл-күй жағы да құбылмалы болып келеді, сондықтан құрбыларымен, топтастарымен кикілжіңге түсіп қалады.

Ал, балалардың тағы бір тобының керісінше, қимылы шабан, сөйлеуі әлсіз, селқос көңілді болып кездеседі.

Берілген деңгейдегі мектеп жасына дейінгі балалар, өзіне дос-құрбы тандауға да талғаммен қарап, әдетте теріс мінез көрсетеді. Құрдастарымен қатыстары үстірт болып, сюжетті ойындық іс-әрекеттері ұзаққа созылмайды және ойын кезінде конструктивтік ұсыныстар енгізбейді. Ересектермен қарым-қатынасқа түсуге ұмтылмайды. Оңтайлы қатынасқа жігер-ынтасының болмауы себебінен, жалпы қарым-қатынас құру қиындық тудырады.

СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН (III- деңгейдегі) БАЛАЛАРДЫ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУДЕН ӨТКІЗУ

Мектеп жасына дейінгі балалармен арнайы балалар бақшасында түзете оқытып, дамытуды ұйымдастырғанда, баланың сөйлеу тілін жан-жақты сауатты түрде тексеру талап етіледі.

Тексерудің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- ата-ана мен педагогпен әңгімелесу және құжаттармен танысу барысында баланың тәрбие жағдайы мен дамуын анықтау;
- жетекші іс-әрекеттің деңгейін анықтап жас мөлшеріне сәйкестендіру;

- сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық құралдарын (сөзжасам, сөзөзгерту)
- сөйлем құрау дағдыларын тексеру
- балалардың дыбыстарды дұрыс айтуын тексеру
- байланыстырып сөйлеуін тексеру
- байланыстырып сөйлеуін және меңгеру деңгейін анықтау.

Мұндай балалардың сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің дамымауын ескеріп, логопедиялық тексеруді жүргізгенде ғалымдар (Р.Е.Левина, В.И.Лубовский, С.Д.Забрамная, О.Н.Усанова т.б.) ұсынып отырған бір қатар қағидаларды ұстанған жөн.

Логопедиялық тексерудің қағидалары

1. *Сөйлеу тілінің патологиясы бар баланы кешенді тексеру қағидасы.* Тексерілетін бала дамуының ерекшеліктерін жан жақты бағалауға мүмкіндік береді. Бұл қағида үш бағытта іске асырылады:

- 1) Алғашқы құжаттарды талдау; онда баланың отбасында және балаларға арналған ұйымдардағы тәрбиелену жағдайлары, оның ерте жастағы сөйлеу тілінің және психикалық дамуы жөнінде ақпараттар болады; Медициналық құжаттармен танысу: сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың неврологиялық статусы, олардың соматикалық және психикалық дамуы, есту функциясының жағдайы, қабылдаған ем-шаралары және оның тиімділігі жөнінде ақпараттар болады;
- 2) Мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық-педагогикалық тексеру;
- 3) Тіл жүйесінің барлық компоненттерінің жағдайын тексеретін толық логопедиялық тексеру.

2. *Балалардың жас ерекшеліктерін ескеру қағидасы.*

Тексеру барысында мектеп жасына дейінгі баланың жасына сай әдіс, тәсілдер, жұмыс формалары мен лексикалық материалдарды іріктеп, қолдануды көздейді.

3. *Балаларды динамикада тексеру қағидасы.*

Бұл қағида жеке патологиялық процестермен қатар, сөйлеу тілі дамуының бұзылыстарының жалпы тенденциялары мен сөйлеу тілі жалпы дамымауының әр түрлі деңгейіндегі балалардың компенсаторлы мүмкіндіктерін бағалауға ықпал етеді.

4. *Баланы тексерудің нәтижелерін сапалы жүйелі талдау қағидасы.*

Бұл қағида әр түрлі топтардағы балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарының сипатын айқындауға және оған сәйкес балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған түзету жұмысының адекватты жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Логопедиялық тексеру түрлері

- үстірт;

- терең;
- жеке;
- топпен.

Логопедиялық тексерудің кезеңдері

СТЖД балаларды тексеру сөйлеу тілін тексерудің жалпы белгілі қағидаларын ескере отырып жүргізіледі (кешенді, жан-жақтылық, жүйелілік, динамикалық т.б.).

Тексерудің кезеңдері:

I. Бағдарлау кезеңі. Логопед бұл кезеңде баланың жеке құжаттарымен танысады, ата-анасымен бағытталған түрдегі әңгіме барысында анамнез жинақтайды. Алынған мәліметтер негізінде алдын ала сөйлеу тілінің қорытындысы белгіленеді.

II. Дифференциалды кезеңде сөйлеу тілінің біріншілік ақауын ұқсас жағдайлардан (есту қабілетінің немесе зиятының бұзылуындағы сөйлеу тілінің бұзылуы) ажырату мақсатында логопед баланың зияты мен есту қабілетін тексереді.

III. Сөйлеу тілінің дамуымен тығыз байланысты сөзсіз процестерін тексеру кезеңі.

IV. Сөйлеу тілі жүйесінің негізгі компоненттерін нақты тексеру. Оның нәтижесінде логопедиялық қорытынды шығарылады.

V. Қорытынды (анықтаушы) кезеңде баланы арнайы оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде динамикалық түрде бақылау (бақылау арқылы ақаулықтың байқалуын, өзгерістерін анықтау).

Логопедиялық тексерудің әдістемесі мен мазмұны

Баланы тексеруден өткізбес бұрын, логопед оның дамуы жөніндегі алдын ала жинақталған құжаттарды талдап шығуы керек. Сол мақсатта логопед медициналық құжаттардағы ақпараттармен (қорытындылармен) танысады. Әдеттегідей, ол қорытындылар мынандай мамандардан болады: невропатолог немесе психоневролог (сөйлеу тілі және зердесінің жағдайы), отоларинголог (есту және сөйлеу мүшелерінің жағдайы), окулист (көру мүшелерінің жағдайы), хирург, педиатр т.б. Баланың ерте жасындағы сөйлеу тілі, психикалық және физикалық дамуы жөніндегі ақпараттарды анықтау мақсатында логопед ата-анасымен алдын ала әңгімелеседі. Әңгімелесу барысында жүктілік кезеңі, туылуы қалай өткені, оның барысына әсер еткен патологиялық факторлар болған-болмағаны; баланың сөйлеу және моторлы функцияларының дамуында тежелу болған- болмағаны анықталады.

Баланы ерте жастан қоршаған әлеуметтік және психологиялық ортасының статусы (отбасының толықтығы, баламен қарым-қатынастары, отбасында немесе араласатын жақындарында екі тілде сөйлейтіндер немесе сөйлеу тілінің бұзылысы бар-жоғы) жөніндегі ақпараттар жеке анықталады.

Логопедиялық тексеру танысып әңгімелесуден басталады. Оның мақсаты баламен жағымды эмоционалды қатынас орнатумен қатар, баланың сөз арқылы қатынасқа түсуге дайындығының деңгейін, сұрақтарды адекватты

түрде қабылдап, оларға жауап беру (бір сөзбен немесе жайылма сөйлеммен) білігін белгілеу болып табылады. Сонымен қатар, кіріспе әңгімелесу баланың сөйлеу тілінің дыбысталуы, баланың сөйлеу тіліндегі дыбыстық, лексика-грамматикалық немесе синтаксисстік өңделуіндегі қиындықтардың бар-жоғы туралы жалпы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Мұндай әңгімелесудің мазмұны мектеп жасына дейінгі баланың танымдық және жас ерекшеліктеріне сай мүмкіндіктері мен қызығушылықтарының шеңберімен белгіленеді. Мысалы: «Менің отбасым», «Менің сүйікті ойыншықтарым», «Жаздағы демалыс», «Үй жануарлары», «Менің жақсы көретін ойындарым», «Менің сүйікті кітаптарым», «Сүйікті мультфильмдерім», «Компьютерлік ойындар» (6-7 жастағы балалар үшін). Кіріспе әңгімелесу барысында алынған баланың сөйлеу тілінің үлгілерін логопед сөйлеу картасына жазып отырады.

Сөз қорын тексеру

Енжар және белсенді сөз қорларының жағдайын тексерудің тәсілдері:

1. Суреттерді көрсетіп, атау. Суреттерде мыналар бейнеленген:
 - Белгілері (қасиеттері) анық көрініп тұрған заттар, әрекеттер, нысандар (қас, кірпік, тістер, жер, ін, балық, жылан, қоқыс, кеме; емдейді, жинайды, оқытады, ойнайды т.б.);
 - Заттар жән олардың бөлшектері (ағаш –дің, бұтақтар, тамырлар; шәйнек – тұмсығы, тұтқасы, қақпағы; сағат – тілі, циферблат, цифрлары);
 - Әр түрлі мамандық иелері және олардың атрибуттары (сатушы- таразы; дәрігер- градусник, шприц, ақ халат; сылақшы - щетка, бояулар; тігінші – іс машинасы, қайшы, жіп, ине т.б.);
 - Жануарлар (ит –күшік, мысық- марғау; шошқа- торай, жылқы- құлын, сиыр – бұзау);
2. Әр түрлі категорияларға қатысты сөздерді атау:
 - Түрі, тегін біріктіретін зат есімдер (өсімдіктер –ағашатр, бұталар, гүлдер; ойыншықтар – машиналар, қуыршақтар, доптар, кубиктер; ыдыс-аяқ –кастрөл, ожау, таба, табак; азық-түлік – ірімшік, шұжық, айран, нан);
 - Жануарлар мен құстардың дауыс реакцияларын белгілейтін әрекеттер (қарқылдайды, мөңірейді, шикылдайды, үреді, мияулайды, қорсылдайды, шақырады, маңырайды, азынайды);
 - Сезімдермен эмоциялар (жылайды, күледі, көңілденеді, мұңаяды, қуанады, ашуланады, танданады);
 - Ауа райының әр түрлі құбылыстары (жаңбыр, жел, қар, аяз, шық, тайғақ, тұман);
 - Әр түрлі мамандықтыққа байланысты әрекеттер (қызуды өлшеу, балаларды оқытады, укол салады, пошта таратады, автобус жүргізеді, азық –түлікті өлшейді, нан пісіреді); жануарлар әлеміне байланысты

- (ұшады, қалықтайды, ызындайды, жүзеді, секіреді, шабады, жорғалайды, ұя салады, аулайды, қазады);
- Семантикалық жағынан жуық әрекеттердің атаулары (жуынады-шомылады; ұйықтайды –жатады; сөйлейді –әр айтады; тоқиды-тігеді);
 - заттардың қасиеттерін белгілейтін сөздер: көлемі бойынша- (үлкен-кішкентай, жалпақ-жіңішке, ұзын-қысқа, биік-аласа); түсі бойынша – (ақ, қызыл, жасыл, сары) және реңктері; салмағы бойынша-ауыр-жеңіл пішіні бойынша- (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақ); температура, мезгілдер т.б.
 - жалпылама сипатындағы қасиеттер («Барлық қызыл түсті заттарды көрсет»).
3. Мағынасы бойынша жетіспейтін сөзді қосып айту (гүлдер солып қалды- оларды ... *суғау* керек; көйлек өте ұзын - оны ...*қысқарту* керек; түйме түсіп қалды – оны ... *қадау* керек;)
 4. Антонимдерді іріктеу (тәтті-ашты, көңілді-көңілсіз, таңертең-кеш, күн-түн, жаман-жақсы, шу-тыныштық, жас-кәрі).
 5. Синонимдерді іріктеу (ұл бала-мықты, күшті, батыр, ер; өзен- ағады, сарылдайды, жылғадан өтеді).
 6. Берілген сөздерге сөйлемнің бірыңғай мүшелерін іріктеу (қар – жауады, жылтырайды; қуыршақ – үлкен, әдемі, сұлу, сәнді).
 7. Сөздердің мағынасын түсіндіру (үйшік, апан, ін, кастрөл, кесе, тегеш, тәрелке).
 8. Сөздердің астарлы мағынасын түсіндіру (кең пейілді; алтын алақан; алтын бас; алмадай әдемі).

Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын тексеру

Балаларға ұсынатын тапсырмалар арқылы тілдің грамматикалық құрылымының жағдайын тексеру оның адекватты түрде әр түрлі грамматикалық категорияларды түсініп, қолдануын анықтауға бағытталған.

Логопед баланың мынандай мүмкіндіктерін тексереді:

- 1) Ілік септігіндегі зат есімді түсініп, қолдануын (анамның, әкенің, апайдың);
- 2) кеңістікке қатысты сөздерді түсініп, қолдануын (үстінде, астында, ішінде, артында, артынан, арасында, жанында);
- 3) сын есімнің салыстырмалы түрін түсінуін, жасауын төмендегідей тәсілдер бойынша:
 - а) синтетикалық (биік-биігірек; қымбат- қымбатырақ, тез-тезірек; жай-жайырақ; құрғақ- құрғағырақ);
 - ә) супплетивті (жақсы-жақсырақ; жаман-нашар);
- 4) зат есімнің көпше түрін жасауын (жапырақ-жапырақтар, құлын-құлындар);
- 5) грамматикалық категорияларды түсінуін («Қызды сүйреткен баланы көрсет, баланы сүйреткен қызды көрсет», «Тышқанды қуып жүрген мысықты көрсет, мысықты қуып жүрген тышқанды көрсет»);

- 6) өзіндік сөйлеуінде сөйлемдердің әр түрін қолдануын (қарапайым екі сөзден құралсаң, жайылма, салалас құрмалас, сабақтас құрмалас т.б.);
- 7) сөйлемдегі сөздердің ауыстырылған орнын қайта құрастыруын;
- 8) бастапқы формада берілген сөздерден сөйлем құрауын.

Ерекше назар балалардың сөзжасам мүмкіндіктеріне аударылады: жұрнақтар және сөздерді қосу арқылы жаңа сөздер жасау білігі, алған дағдыларын жаңа лексикалық материалда қолдану білігі. Бұл дағдылардың қалыптасқан деңгейін анықтау үшін арнайы тапсырмалар іріктеледі.

Логопед баланың сөзжасам дағдылары мен біліктерінің қалыптасу деңгейін төмендегідей анықтайды:

- Жұрнақтар арқылы жасалған сөздердің мағынасын түсіндіру және қолдануы (көрпеше, жастықша, етікші, малшы).

Байланыстырып сөйлеуін тексеру

Баланың байланыстырып сөйлеуінің жағдайын тексеру бірнеше бағытта жүргізіледі. Біріншісі – тексерудің басында, кіріспе әңгімелесу кезінде анықталатын -диалогты жүргізу дағдылары. Екіншісі – монологтық сөйлеу тілінің қалыптасу деңгейін анықтау. Логопед әр түрлі әңгімелер құрастыру сияқты тапсырмалар ұсынады.

1. Баяндау әңгіме.
2. Затқа қарап, сипаттама әңгіме құрастыру.
3. Сурет немесе суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастыру.
4. Оқылған әңгімені айтып беру.

СТЖД (III-деңгей) балалардың сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық құралдарын (сөзжасам, сөзгерту) тексеру әдістемелері

1. Сөзжасам дағдыларын тексеруге арналған тапсырмалар

Тапсырма 1.

Мақсаты: Сөзжасам дағдыларын анықтау.

Құрал-жабдықтар: мамандық, кәсіп иелері бейнеленген суреттер.

Нұсқау: Суреттерде кімдер бейнеленгенін ата.

Реті	Берілген тапсырма	Баланың берген жауабы	Баға
1.	Киім тігетін адамды кім деп айтамыз? (тігінші)		
2.	Балабақшада балаларды тәрбиелейтін адамдарды кім деп айтамыз? (тәрбиеші)		
3.	Ән айтатын адамды кім деп айтамыз? (әнші)		
4.	Сабаққа баратын баланы кім дейміз? (оқушы)		
5.	Етікті тігетін адамды кім		

	дейміз? (етікші)		
6.	Сиыр сауатын адамды кім дейміз? (сауыншы)		
7.	Дүкенде киім сататын адамды кім дейміз? (дүкенші, сатушы)		
8.	Үй салатын адамды кім дейміз? (құрылысшы)		
9.	Терезеге әйнек салатын адамды кім дейміз? (әйнекші)		
10.	Сиыр бағатын адамды кім дейміз? (сиыршы)		

Тапсырма 2.

Мақсаты: *-шы, -ші* жұрнақтары арқылы жаңа сөздерді жасауын анықтау.

Нұсқау: Мына сөз нені білдіреді? (етік- аяққа киеміз).

Берілген сөздерге *-шы, -ші* жұрнақтарын қосып, жаңа сөз жаса. Ол сөзді қалай түсінесің?

Реті	Берілген сөздер	Баланың жауабы	Баға
1.	Етік		
2.	Оқыту		
3.	Жұмыс		
4.	Қой		
5.	Би		
6.	Тігін		
7.	Есеп		
8.	Жүргізу		
9.	Дүкен		
10.	Құрылыс		

Тапсырма 3.

Мақсаты: Зат есімнің кішірейту мәнін тудыратын *-ша, -ше, -шік* жұрнақтары арқылы сөзжасам дағдыларын анықтау.

Нұсқау: Заттарды кішірейтіп айт (*Үй-үйшік, жастық-жастықша*).

Реті	Берілген сөздер	Баланың жауабы	Баға
1.	Үй		
2.	Жастық		
3.	Қап		
4.	Кітап		
5.	Көрпе		
6.	Қобди		
7.	Сандық		

8.	Көл		
9.	Қалақ		
10.	Жалау		

Тапсырма 4.

Мақсаты: Сөздерді жұрнақсыз айту (сөз негізін бөлуді) дағдысын анықтау.

Нұсқау: Мен затты кішірейтіп айтамын, сен үлкейтіп айт.

Реті	Берілген тапсырма	Баланың берген жауабы	Баға
1.	Менде кішкентай қалақша бар, сенде үлкен не бар?		
2.	Менде кішкентай тостағанша бар, сенде үлкен не бар?		
3.	Менде кішкентай жастықша бар, сенде үлкен не бар?		
4.	Менде кішкентай кітапша бар, сенде үлкен не бар?		
5.	Менде кішкентай кілемше бар, сенде үлкен не бар?		
6.	Менде кішкентай көрпеше бар, сенде үлкен не бар?		
7.	Менде кішкентай үйшік бар, сенде үлкен не бар?		
8.	Менде кішкентай қапшық бар, сенде үлкен не бар?		
9.	Менде кішкентай қасықша бар, сенде үлкен не бар?		
10.	Менде кішкентай таяқша бар, сенде үлкен не бар?		

Тапсырма 5.

Мақсаты: Сөзжасам әдістерін қолдану дағдысын анықтау.

Нұсқау: Заттарды қарап, оларды кішірейтілген түрде ата.

Реті	Ұсынылған заттар	Баланың жауабы	Баға
1.	Жастық(ша)		
2.	Қасық(ша)		
3.	Күрек(ше)		
4.	Көрпе(ше)		
5.	Қорап(ша)		
6.	Қап(ша)		
7.	Кітап(ша)		
8.	Қобди		
9.	Қалақ		

10.	Күрте(ше)		
-----	-----------	--	--

Тапсырма 6.

Мақсаты: Сөз жасаушы жұрнақтарды дұрыс пайдалану дағдысын анықтау.

Нұсқау: Мына жұрнақтарды дұрыс тауып қой: (-шек, -ша, -шы, -шік, -ке, -шең, -ші).

Реті	Ұсынылған заттар	Баланың жауабы	Баға
1.	Іні+(шек)		
2.	Сандық+(ша)		
3.	Жазу+(шы)		
4.	Шеше+(ке)		
5.	Сөз+(шең)		
6.	Санақ+(шы)		
7.	Тігін+(ші)		
8.	Құрылыс+(шы)		
9.	Күрке+(шік)		
10.	Күрте+(ше)		

Тапсырма 7.

Мақсаты: Түбірлес сөзжасам дағдысын анықтау.

Нұсқау: «Ал, көр, іл,» сөзіне төмендегі жұрнақтарды қосып сөз жаса.

Реті	Ұсынылған заттар	Баланың жауабы	Баға
1.	-у		
2.	-ғыш		
3.	-гіш		
4.	-дыр		
5.	-ғыз		
6.	-гіз		
7.	-ым		
8.	-ім		
9.	-ма		
10.	-ме		

Тапсырма 8.

Мақсаты: Зат есімдерге жұрнақтарды жалғай отырып, туынды сөзжасауын анықтау.

Нұсқау: Ұсынылған сөздерге жақшаның ішіндегі жұрнақтарды қосып, сөз жаса: (-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік).

Реті	Ұсынылған заттар	Баланың жауабы	Баға
1.	Бала		

2.	Кіші		
3.	Адал		
4.	Жеңіл		
5.	Жолдас		
6.	Биік		
7.	Жақын		
8.	Аңшы		
9.	Кішіпейіл		
10.	Асыл		

Тапсырма 9.

Мақсаты: Еліктеу арқылы сөздерден зат есім жасайтын жұрнақтарды пайдалануын анықтау.

Нұсқау: (-ыл, -іл, -у) пайдаланып сөз жаса.

Реті	Ұсынылған заттар	Баланың жауабы	Баға
1.	гүр-		
2.	ыр-		
3.	гу-		
4.	тарс-		
5.	шіңк-		
6.	дүмп-		
7.	қыңқ-		
8.	шанш-		
9.	Шап-		
10.	Гүрс-		

Тапсырма 10.

Мақсаты: Сын есім тудыратын жұрнақтарды пайдалануын анықтау.

Нұсқау: (-дай,-дей, -тай, -тей) жұрнақтарын пайдаланып сөз жаса.

Реті	Ұсынылған заттар	Баланың жауабы	Баға
1.	Бала		
2.	Мұғалім		
3.	Тау		
4.	Құс		
5.	Немере		
6.	Тәрбиеші		
7.	Кірпіш		
8.	Гүл		
9.	Бал		
10.	Көбелек		

2. Сөзөзгерту дағдыларын тексеруге арналған тапсырмалар

Тапсырма 1.

Мақсаты: Зат есім сөздерде көптік жалғауларды қолдануын анықтау.

Нұсқау: Мен саған допты лақтырып, сөздің жекеше түрін айтамын, ал сен сөздің көпше түрін айтып, допты маған кері лақтыр.

Құрал-жабдықтар: Доп

Реті	Ұсынылған сөздер	Баланың жауабы	Баға
1	Кітап (тар)		
2	Бала (лар)		
3	Қалам (дар)		
4	Гүл (дер)		
5	Үйрек (тер)		
6	Биші(лер)		
7	Жастық (тар)		

Тапсырма 2.

Мақсаты: Зат есім сөздерді жекеше және көпше түрде жіктік жалғауда қолдану дағдыларын анықтау.

Нұсқау: Біз қазір «Мен, сен, ол» ойынын ойнаймыз. Сен өзінді «мен» деп айтасың, мына қуыршақты «сен» деп, ал мына қуыршақты «ол» деп айтасың. Мен саған бір сөзбен айтамын сен оны «мен, сен, ол» сөздерге қосып айтасың.

Құрал-жабдықтар: Екі қуыршақ

Реті	Ұсынылған сөздер	Баланың жауабы		Баға
1	Сатушы	Мен – Сен – Сіз - Ол -	Біздер – Сендер – Сіздер - Олар -	
2	Дәрігер	Мен – Сен – Сіз - Ол –	Біздер – Сендер – Сіздер - Олар -	
3	Логопед	Мен – Сен- Сіз - Ол –	Біздер – Сендер – Сіздер - Олар - -	
4	Ұстаз	Мен- Сен – Сіз -	Біздер – Сендер – Сіздер -	

		Ол –	Олар -	
5	Бастық	Мен - Сен – Сіз - Ол-	Біздер – Сендер – Сіздер - Олар -	

Тапсырма 3.

Мақсаты: Тәуелдік жалғауды жекеше, көпше түрде қолдану дағдыларын анықтау.

Нұсқау: біз «менің, сенің, оның» ойынын ойнаймыз. Сен өзіңді «менің», мына қуыршақты «сенің», ал мына қуыршақты «оның» деп айтасың. Құрал-жабдықтар: Екі қуыршақ.

Реті	Ұсынылған сөздер	Баланың жауабы		Баға
1	Айна	Менің – Сенің – Сіздің – Оның –	Біздің – Сендердің – Сіздердің– Олардың –	
2	Көйлек	Менің – Сенің – Оның –	Біздің – Сендердің – Сіздердің– Олардың –	
3	Тон	Менің – Сенің – Сіздің – Оның -	Біздің – Сендердің – Сіздердің– Олардың –	
4	Шырша	Менің – Сенің – Сіздің – Оның -	Біздің – Сендердің – Сіздердің– Олардың –	
5	Ойыншық	Менің – Сенің – Сіздің – Оның –	Біздің – Сендердің – Сіздердің– Олардың –	

Тапсырма 4.

Мақсаты: Септік жалғауды қолдану дағдыларын анықтау.

Нұсқау: Мен саған суреттер көрсетемін. Ал, сен маған сол суретті әңгімелеп айтып бер.

Көрнекіліктер: Әр септік түрлеріне байланысты сюжетті суреттер

Септік (сұрағы)	Ұсынылған суреттер	Баланың жауабы	Баға
-----------------	--------------------	----------------	------

Атау Кім? Не?	Қыз.		
Ілік Кімнің? Ненің?	Қыздың көйлегі. Доптың түсі.		
Барыс Кімге? Неге?	Ұл әжесіне гүл берді. Қыз мектепке барды.		
Табыс Кімді? Нені?	Қыз ұлды жолдан өткізді. Бақшадан қыз қиярды теріп алды.		
Жатыс Кімде? Неде?	Қызда кәмпит бар. Алма себетте.		
Шығыс Кімнен? Неден?	Ұл әкесінен кітап алды. Ұл иттен қорықты.		
Көмектес Кіммен? Немен?	Бала мамасымен жүр. Қыз қуыршақпен ойнады.		

СТЖД (3-деңгей) балалардың сөйлем құрау дағдыларын тексеру әдістемелері

1) Суреттер бойынша сөйлем құрастыру әдістемесі

Мақсаты: ЖСТД-3 деңгейдегі балалардың сөйлем құрастыру механизмін тексеру.

Дидактикалық материал балалардың жас ерекшеліктеріне сай іріктеліп алынады, суреттерде бейнеленген заттар, кейіпкерлер балаға таныс және түсінікті болуы қажет.

Балаға түсінікті болу үшін, суреттердегі тақырыпты ашатын кіріспе сөздерді логопед немесе тәрбиеші алдын ала түсіндіруі керек. Балалар өз сөйлемдерінде сол сөздерді кірістіріп, қолдануларына болады. Сонымен қоса, тәрбиеші немесе логопед тарапынан бала суретті сипаттау үшін қажетті сөздерді есіне түсіру арқылы көмектесуіне болады.

Бағалау нысандары:

- сөйлемдерді құрастырғандағы қиындықтардың болуы немесе болмауы;
- сөз формаларын дұрыс қолдануы;
- сөйлемдерді құрастырғанда паузалардың ұзақтығы, қажетті сөздерді іріктегендегі уақыт;
- сөйлемдегі сөздердің кезектілігін дұрыс орналастыруы.

Әдістеменің мәні балаларға сюжетті суреттер сериясын (3 сурет) ұсынуда. Балалар 1-2 сөйлеммен суреттердің мәнін ашып, сипаттап айтуы керек.

2) Сюжетті суреттер сериясы бойынша сөйлем құрастыру әдістемесі

Аталған әдістеме жоғарыдағы әдістемеге ұқсас, алайда ерекшелігі: балаларға ұсынылған суреттер арасында сюжетті байланыс бар.

Сюжетті суреттер сериясы бойынша сөйлемдер құрастыру

Тапсырма балалардың заттар және аяқталған фраза түріндегі вербализация арасындағы логикалық-мағыналық байланыстарды жасауына бағытталды.

Бағалау нысандары:

- сөйлемді құрағандағы өзіндік әрекетінің деңгейі;
- сөйлем құрамын дұрыс құрастыруы;
- көрнекілік материалға мағыналық сәйкестігінің ашылуы.

Әңгіме құрастыру процесіндегі қиындықтар (тоқтап қалу, ұзақ үзілімдердің болуы) кезінде көмек көрсетілді: ынталандыру, бағыттау және анықтау сұрақтары.

3) «Дұрыс айт» әдістемесі

Әдістеменің мәні: балаларға оларға таныс тақырыптарда сөйлемдердің мысалдары келтіріледі (айтылады):

Ұшақ, аспан, ұшады, көк.

Мекендейді, аңдар, орман, қалың.

Күндіз, жарқырайды, аспан, күн.

Балық, мекендейді, су.

Қыс, жауады, қыс, аппақ.

Таңертең, жаттығу, пайдалы, жасау.

Балаларға сөздер ұсынылады. Тапсырма: мазмұнды сөйлем құрастыру үшін, сөздердің дұрыс кезектілігін тауып, орналастыру.

Бағалау нысандары:

- сөйлемнің тұраусыз мүшелерінің дұрыс орналастырылуы;
- сөйлемнің тұтас құрастырылуының дұрыстығы.

4) «Сызба» әдістемесі

Әдістеме баланың сызбаға сәйкес сөйлем құрастыру біліктерін тексеруге бағытталған. Сызба арқылы сөйлем құрастыру, сөйлемді

қарапайым тәжірибелік құрастырудан оның құрылымы мен оның мазмұнын ойша талдауға мүмкіндік береді.

Тапсырма сызбалардан тұрады, бала оның әрқайсысына сәйкес сөйлем құрастыруы керек.

Бағалау нысандары:

- сөйлемді құратыру жылдамдығы;
- құрастырылған сөйлемнің сызбаға сәйкестігі;
- жайылма сөйлемдер құрастыру білігі.

Ұсынылған сызбалар:

· | _____ ·
· | _____ ·
· | _____ ·
· | _____ ·

5) «Сөз қос» әдістемесі

Әдістеменің мәні: балаларға сөзі тастап кетілген бірнеше сөйлем демонстрацияланады. Балалардың міндеті – сол мағынасы бойынша тастап кетілген сөзді тауып, сөйлемге қосу. Тапсырмалардың қосылатын сөз бойынша айырмашылығы бар – (баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш).

Төмендегідей сөйлемдер ұсынылды:

Түнде аспанда ... көп болады.

Таңертең оянғанда біз тістерімізді тазалаймыз, төсегімізді жинаймыз (одан басқа таңертең тағы не істейміз?)... Балалардың жауаптары: киінеміз, балабақшаға жиналамыз, тамақ ішеміз т.б.

Орманда саңырауқұлақ теруге болады ...(тағы не теруге болады?). Балалардың жауаптары: жидектер, гүлдер т.б.

Гүлзарда әртүрлі әдемі ... өсіп тұр. (тағы қандай гүлдер болуы мүмкін?). Балалардың жауаптары: қызыл, көк, күлгін т.б.

Бағалау нысандары:

- дұрыс жауаптардың саны;
- тапсырманы қабылдаумен дұрыс жауап беру жылдамдығы.

Дыбыстарды дұрыс айтуын тексеру әдістемелері:

1. Артикуляциялық моториканы тексеру
2. Фонематикалық қабылдауын тексеру
3. Дыбыс айтуын тексеру

Міндеттері:

1. Артикуляциялық моториканың қалпын тексеру;
2. Дыбыс айту қалпын тексеру;
3. Фонематикалық қабылдау ерекшеліктерін анықтау.

Артикуляциялық моториканы, фонематикалық қабылдауды және дыбыс айту бұзылыстарын тексеру

Артикуляциялық моториканы тексеру әдістемесі

Мақсаты: артикуляциялық аппараттың қозғалыс қызметтерін айқындау.

Ескерту: Жаттығуларды орындаған кезде артикуляциялық қозғалыстардың анықтылығына; оларды қайталаудың жылдамдылығы мен икемділігіне, бір артикуляциялық қалыптан екіншіге ауысу білігіне назар аудару қажет.

Бағалау критерийі:

- 3 ұпай (жоғары деңгей) – артикуляциялық аппараттың ұсынылған қозғалысты оған сай, нақты орындауы;
- 2 ұпай (орташа деңгей) – күшпен және баяу орындауы;
- 1 ұпай (төмен деңгей) – қателермен орындауы (қалыпты іздеуі, көлемінің толықсыздығы, синкинезиялар);
- 0 ұпай – қозғалысты орындамауы.

Анатомиялық сипаттағы кемшіліктер мен ерекшеліктерді анықтау:

Еріндер:

Қалың

жұқа

жоғарғы еріннің жарығы

отадан кейінгі тыртық

жоғарғы еріннің қысқалығы

Тістер:

тістенудің ақаулары

тістердің орналасуы

сирек

қисық

майда

жақ сүйегіне дұрыс орналаспаған

тістері жоқ

жоғарғы тістер қатарының деформациясы

Тістенуі:

прогнатия

прогения

ашық бүйірлік

алдыңғы ашық

қиылысқан

Қатты таңдай:

биік жіңішке

жазық

тар (готикалық)

жарығы бар

субмукозды жарық

қатты таңдай жарығы (субмукозды жарықша)

таңдайдың шырышты қабық асты жарығы (субмукозды жарықша)

Жұмсақ таңдай:

қысқа жұмсақ таңдай

оның жарығы

кішкене тілшенің (uvula) екіге бөлінген

немесе жоқ

Тіл:

үлкен

кішкентай

тіл асты сіңірінің қысқалығы

Артикуляциялық аппараттың моторикасын тексеру

мимикалық бұлшық еттерінің жағдайы (қимылсыз уақытта):

еріндер

еріндердің қосылу тығыздығы

мимикалық мускулатура қимылдарының күшпен орындалуы (гиперкинез)

қосымша қимылдардың пайда болуы (синкинезия).....

тістенген кездегі мұрын-ерін құрыстарының асимметриясы

Жаттығуларды орындауы:

оң көзін жұму

сол көзін жұму

қасын көтеру

қабағын түю

мұрнын тыржиту

ұртын толтыру

мұрын-ерін құрыстарының симметриялығы

қимылдың жоқтығы немесе саны

орындауының нақтылығы

бұлшықеттің тонусы

темпі

белсенділігі

синкинезия саны

Артикуляциялық моторикасының жағдайы

қимылының жоқтығы немесе саны
тонусы
көлемі
ауысуға қабілеттігі
ауысуы
синкинезиялар
тремор
сілекейінің көп ағуы
тіл ұшының ауытқулығы

Астыңғы жақ сүйегінің қимылы:

аузын ашып, жұмуы
астыңғы жақ сүйегін оңға, солға қимылдатуы

Еріннің қимылы:

«жымию»
«түтікше»
«жымию – түтікше»
жоғарғы ернін көтеруі
төменгі ернін түсіру
бір мезетте жоғарғы ернін көтеріп, төменгі ерінді түсіру

Тілдің қимылы:

«күрекше»
«әткеншек»
«ине»
«сағат»
«күрекше- ине»
«әткеншек»
«кесе»
«тәтті тосап»

Жұмсақ таңдайдың қимылы

ауызды қатты ашып, есінеуі

Дыбыс айтуының жағдайын тексеру
(жеке, буында, сөзде, фразаларда)

Жеке	Б	П	М
Буында	ба-бо-бу бы-бэ-бұ аб-об-уб ыб-эб-ұб аба-оба-уба ыба-эба-ұба баб-боб-буб быб-бэб-бұб	па-по-пу пы-пэ-пұ ап-оп-уп ып-эп-ұп апа-опа-упа ыпа-эпа-ұпа пап-поп-пуп пып-пэп-пұп	ма-мо-му мы-мэ-мұ ом-үм-ум ым-эм-ұм ама-ома-ума ыма-эма-ұма мам-мом-мум мым-мэм-мұм
Сөзде	Бақ домбыра	Парақ Апа Шап	Моншақ Алма қалам
фразада	Үлкен домбыра. Бақта алма өседі.	Парақтағы сурет. Апам мейірімді. Шөпті шап.	Ұзын моншақ. Дәмді алма. Қаламмен жаз.
Жеке	В	Ф	Д
Буында	ва-во-ву вы-вэ-вұ ав-ов-ув ыв-эв-ұв ава-ова-ува ыва-эва-ұва вав-вов-вув выв-вэв-вұв	фа-фо-фу фы-фэ-фұ аф-оф-уф ыф-эф-ұф афа-офа-уфа ыфа-эфа-ұфа фаф-фоф-фуф фыф-фэф-фұф	да-до-ду ды-дэ-дұ ад-од-уд ыд-эд-ұд ада-ода-уда ыда-эда-ұда дад-дод-дуд дыд-дэд-дұд
Сөзде	Вагон автобус	Фазыл сарафан	Доп адырна
фразада	Пойыздың вагоны. Автобуспен келдім.	Фазыл ойнады. Көк сарафан.	Допты лақтырдым. Адырнада ойнайды.

Жеке	Т	Н	Ң
Буында	та-то-ту ты-тэ-тү ат-от-ут ыт-эт-ұт ата-ота-ута ыта-эта-ұта тат-тот-гут тыт-тэт-түт	на-но-ну ны-нэ-нү ан-он-ун ын-эн-үн ана-она-уна ына-эна-ұна нан-нон-нун нын-нэн-нүн	Аң-оң-ұң Аңа-оңа-ұңа
Сөзде	Тас Қалта Алмат	Науа Қант жарқанат	Ңөң, аңшы, шаң
фразада	Тауда тас көп. Қалтамда малта. Алматта асық бар.	Науаға жем салды. Қант тәтті. Жарқанат түнде болады.	Ңөң мұзды мұхитта бар. Аңшының мылтығы. Шаңды сұрт.
Жеке	Г	Ғ	К
Буында	га-го-гу гы-гэ-гү аг-ог-уг ыг-эг-ұг ага-ога-уга ыга-эга-ұга гаг-гог-гуг гыг-гэү-гүг	ға-ғо-ғу ғы-ғэ-ғү ағ-оғ-уғ ығ-эғ-ұғ аға-оға-уға ыға-эға-ұға ғағ-ғоғ-ғуғ ғығ-ғэғ-ғүғ	ка-ко-ку кы-кэ-кү ак-ок-ук ык-эк-үк ака-ока-ука ыка-эка-ұка как-кок-кук кык-кэк-күк
Сөзде	Гауһар өгіз.	Ғарыш таға.	Көген, өкпе, көк.
фразада	Гауһар жақсы қыз. Атамның өгізі	Ғрашыкер ұшты. Атты тағала.	Көген – шөп. Өкпе-кеуде қуысында. Көк көйлек.
Жеке	Қ	Х	Й

Буында	қа-қо-қу қы-қэ-қү ақ-оқ-уқ ық-эқ-ұқ ақа-оқа-уқа ықа-эқа-ұқа қақ-қоқ-қуқ қық-қэқ-қүқ	ха-хо-ху хы-хэ-хә ах-ох-ух ых-эх-ұх аха-оха-уха ыха-эха-ұха хах-хох-хух хых-хэх-хүх	йо йу йэ ай-ой-уй ый-эй-үй айа-ойа-уя ыйа-эя-үйя йай-йой-йуй йый-йэй-йүй
Сөзде	Қас Ақпан бақ	Хат Ахмет бах	Йог Қойшы қой
фразада	Қас шебер. Ақпан- қыс айы. Бақта алма ағашы бар	Хат келді. Ахмет келді.	Анам йогаға барады. Қойшының таяғы. Көп қой.
Жеке	с	з	ц
Буында	са-со-су сы-сэ-сү ас-ос-ус ыс-эс-ұс аса-оса-уса ыса-эса-ұса сас-сос-сус сыс-сэс-сүс	за-зо-зу зы-зэ-зү аз-оз-уз ыз-эз-ұз аза-оза-уза ыза-эза-ұза зас-сос-сус зыз-зэз-зүз	ца-цо-цу цы-цэ-цү ац-оц-уц ыц-эц-ұц аца-оца-уца ыца-эца-ұца цац-цоц-цуц цыц-цэц-цүц
Сөзде	Сырға Асық бас	Зала Қозы қоңыз	Цирк цистерна
фразада	Алтын сырға. Асық көп Бас -дене мүшесі.	Қозы қойдың төлі. Қоңыз жазда болады.	Мен циркке бардым. Цистернамен сұйықтық тасиды.
Жеке	с'	з'	ш

Буында	с' а- с'о –с'у с'ы- с'э- с'и а с'-о с' -ес' ыс' -эс' -үс'	з'а-з'о-з'у з'ы-з'э-з'ү аз'-оз'-уз' ыз'-эз'-үз'	ша-шо-шу шы-шэ-шү аш-ош-уш ыш-эш-үш аца-оца-уца ыца-эца-үца шаш-шош-шуш шыш-шэш-шүш
Сөзде	Сел сәрсенбі	Зеңбірек Білезік кез	Шам Шалбар Қалаш
фразада	Көктемде сел болады. Сәрсенбіде сабаққа барамын.	Зеңбірекші бала. Әжемнің білізигі.	Шам жақ. Шалбардың балағы. Мен қалаш пісірдім.
Жеке	ж	ч	щ
Буында	жа-жо-жу жы-жэ-жү аж-ож-уж ыж-эж-үж ажа-ожа-ужа ыжа-эжа-үжа жаж-жож-жуж жыж-жэж-жүж	ча-чо-чу чы-чэ-чү ач-оч-уч ыч-эч-үч ача-оча-уча ыча-эча-үча чач-чоч-чуч чыч-чэч-чүч	ща-що-щу щы-щэ-щү аш-ош-уш ыш-эш-үш аща-оща-уща ыща-эща-үща щащ-щощ-щущ щыщ-щэш-щүщ
Сөзде	Жылан Ожау тәж	Чемпион чемодан.	Щетка ащы
фразада	Жыланнан қорқады. Ожаумен сорпа күйдым.	Чемпионның медалі. Чемодандағы киім.	Щеткамен киім тазаладым.
Жеке	л	л'	р

Буында	ла-ло-лу лы-лэ-лұ ал-ол-ул ыл-эл-ұл ала-ола-ула ыла-эла-ұла лал-лол-лул лыл-лэл-лұл	ал'-ол'-ул' ыл'-э л'-ұ л' ал'-ол'-ул' ыл'-эл'-ұл' ал'а-ол'а-ул'а ыл'а-эл'а-ұл'а л'а л'- л'о л'- л'у л' л'ы л'- л'э л'- л'ұ л'	ра-ро-ру ры-рэ-рұ ар-ор-ур ыр-эр-ұр ара-ора-ура ыра-эра-ұра рар-ror-рур рыр-рэр-рұр
Сөзде	Лақ Лағыл Алма бал	Лебіз Елеуіш Гүл	Раушан Арба тор
фразада	Ақ лақ. Лағыл тасы. Қызыл алма.	Сары гүл. Елеуішпен ұн еле.	Раушан гүлін сыйла. Арбамен шөп тасыды.
Жеке	р'	Ү	ұ
Буында	р'а- р'о- р'у р'ы- р'э- р'ұ ар'-ор'-ур' ыр'-эр'-ұр' а-ор'а-ур'а ыр'а-эр'а-ұр'а р'а- р'о- р'у р'ы- р'э- р'ұ	тү-сү-мү үс-үт-үм үтү-үсү-үмү	тұ-сұ-мұ ұт-ұт-ұм үсү-үтү-үрү
Сөзде	Риза, түйреуіш, Үлбір.	Үкі мүйіз	Ұлар кұрақ
Фразада	Риза жақсы. Түйреуіш үлкен. Үлбір ойнады.	Үкі-күс. Сиырдың мүйізі.	Ұлардың жұмыртқасы. Апамның құрағы.
Жеке	ә	і	
Буында	тә-сә-рә әс-әт-әр әтә-әсә-әлә	ті-ні-рі ін-ір-іс іні-ірі-ісі	

Сөзде	әтеш бәкі	іс кілт кісі	
Фразада	Әтег шақырады. Атамда бәкі бар.	Іскер адам. Есіктің кілті	

Фонематикалық қабылдауын тексеруге арналған әдістеме

1-тапсырма: Дауысты дыбыстардың арасынан дауысты дыбыстарды қабылдау.

Мақсаты: Жеке дыбысты қабылдап, басқа дыбыстардың ішінен ажыратуын тексеру.

Сипаттамасы: Балаға дыбыс тізбектерін тыңдатып, соның ішінде белгілі бір дыбысқа шапалақ соғу ұсынылады.

Нұсқау: Мен дыбыстар тізбегін айтамын, сен дыбысын естігенде шапалақ соқ.

№	Дыбыс	Дыбыстар тізбегі
1	«А»	«О» «Е» «А» «Ы» «Ә»
2	«Ә»	«Ы» «І» «Ә» «Ұ» «Ү»
3	«О»	«А» «Ы» «О» «Ө» «И»
4	«Е»	«Ө» «А» «Е» «Ү» «О»
5	«Ө»	«Ұ» «А» «Ө» «Ы» «О»
6	«Ұ»	«А» «Ы» «Ұ» «Ә» «Ү»
7	«І»	«А» «Ы» «І» «Ә» «Ү»
8	«Ү»	«Е» «А» «Ү» «Ә» «О»
9	«И»	«А» «И» «Ұ» «Ә» «Ү»

2-тапсырма: Дауыссыз дыбыстардың арасынан дауыссыз дыбыстарды қабылдау.

Мақсаты: Жеке дыбысты қабылдап, басқа дыбыстардың ішінен ажыратуын тексеру.

Сипаттамасы: Балаға дыбыс тізбектерін тыңдатып, соның ішінде белгілі бір дыбысқа шапалақ соғу ұсынылады

Нұсқау: Мен дыбыстар тізбегін айтамын, сен дыбысын естігенде қолыңды шапалақта

№	Берілген дыбыстар	Дыбыстар тізбегі
1	«С»	«П» «Д» «С» «Р» «Ш»
2	«Ш»	«Ғ» «Д» «П» «Ш» «Р»
3	«Р»	«Ш» «Р» «С» «Қ» «З»
4	«Щ»	«Р» «Д» «Щ» «М» «С»
5	«Ч»	«М» «Д» «Ғ» «Ч» «Р»
6	«Ғ»	«С» «Ң» «З» «Ғ» «Д»
7	«Қ»	«Ш» «Қ» «П» «Р» «С»
8	«Ң»	«Н» «М» «Ң» «Н» «Л»

3-тапсырма: Буындардың арасынан дыбыстарды қабылдау.

Мақсаты: Буын ішіндегі дыбысты қабылдауын тексеру.

Сипаттамасы: Балаға буындар тізбектерін тыңдатып, соның ішінде белгілі бір дыбысқа қол шапалақтау ұсынылады

Нұсқау: Мен буындар тізбегін айтамын, сен дыбысын естігенде қолыңды шапалақта

№	Берілген дыбыстар	Буындар тізбегі
1	«С»	«ПА» «ДА» «СА» «РА» «ША»

2	«Ш»	«ҒА» «ДА» «ПА» «ША» «РА»
3	«Р»	«ША» «РА» «СА» «ҚА» «ЗА»
4	«Щ»	«РА» «ДА» «ЩА» «МА» «СА»
5	«Ч»	«МА» «ДА» «ҒА» «ЧА» «РА»
6	«Ғ»	«СА» «ТА» «ЗА» «ҒА» «ДА»
7	«Қ»	«ША» «ҚА» «ПА» «РА» «СА»

4-тапсырма: Сөздердің арасынан дыбыстарды қабылдау.

Мақсаты: Сөз ішіндегі дыбысты қабылдауын тексеру.

Сипаттамасы: Балаға сөздер тізбегін тыңдатып, ішінде белгілі бір дыбысқа қол шапалақтау ұсынылады

Нұсқау: Мен бірнеше сөздер айтамын, сен дыбысын естігенде қолыңды шапалақта

№	Берілген дыбыстар	Сөздер тізбегі
1	«С»	«аша» «сағат» «көжек» «сабын» «түйе»
2	«Ш»	«маса» «ағаш» «ожау» «орақ» «куыршақ»
3	«Р»	«лақ» «радио» «асық» «орамал» «шар»
4	«Щ»	«қасық» «қозы» «щетка» «шеге» «жалау»
5	«Ч»	«жаға» «чемодан» «жылқы» «қозы» «сандық»
6	«Ғ»	«алма» «балық» «ғарыш» «қалам» «ағаш»
7	«Қ»	«шана» «қалам» «балта» «кітап» «тауық»

5-тапсырма: Ұқсас дыбыстарды, буындар мен сөздерді қабылдау және еске түсіріп қайталау .

Мақсаты: Ұқсас дыбыстарды, буындар мен сөздерді қайталауын тексеру.

Сипаттамасы: Балаға дыбыстарды, буындар мен сөздерді қайталау ұсынылады.

Нұсқау: Менің соңымнан қайтала

№	Дыбыстар, буындар ж/е сөздер қатары
1	б-п п-б т-д д-т г-к к-г к-қ қ-к с-з з-с
2	ш-ж ж-ш н-ң ң-н ғ-қ қ-ғ ч-щ щ-ч ж-ч ч-ж ұ-ү ү-ұ
3	ба-па па-ба та-да да-та ма-ба ба-ма га-ка ка-га ка-қа қа-ка
4	ба-па-ба па-ба-па да-та-да та-да-та га-ка-га ка-га-ка
5	са-за-са за-са-за ша-жа-ша жа-ша-жа қа-ға-қа ға-қа-ға та-тә-та тә-та-тә са-ша-са ша-са-ша
6	са-ца-са ца-са-ца Ча-тә-ча тә-ча-тә ан-аң-ан аң-ан-аң кү-кү-кү кү-кү-кү

СТЖД (III-деңгей) балалардың байланыстырып сөйлеуін тексеру әдістемелері

Балалардың байланыстырып сөйлеуін кешенді тексеру үшін тапсырмалар сериясы ұсынылады:

1. Жеке ситуациялық суреттер бойынша әңгіме құрастыру («әрекет-суреттер»);
2. Тақырыбы бойынша өзара байланысты үш сурет бойынша сөйлем құрастыру;
3. Мәтіннің мазмұнын айту (таныс қысқа әңгіме немесе ертегі);
4. Сурет немесе сюжетті суреттер сериясы бойынша әңгіме құрастыру;
5. Баланың жеке тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру;
6. Сипаттама-әңгіме құрастыру.

Баланың жеке сөйлеу тілінің дамуының деңгейін ескеріп, тексеру бағдарламасы шығармашылық элементтерімен толықтырылуы мүмкін:

1. Берілген басы бойынша әңгімені аяқтау.
2. Ұсынылған тақырып бойынша әңгіме құрастыру.

Тапсырма 1

Мақсаты: баланың фраза деңгейінде (суретте бейнеленген әрекет бойынша) аяқталған адекватты сөйлем құрастыру қабілетін анықтау.

Сипаттамасы: балаға кезек-кезек бірнеше (5-6) сурет ұсынылады. Олардың мазмұны төмендегідей болуы мүмкін:

1. «Ұл гүлдерді суғарып жатыр»;
2. «Қыз көбелек аулап жүр»;
3. «Ұл балық аулап жатыр»;
4. «Қыз шана теуіп жүр»;
5. «Қыз шанамен бөпені сүйретіп жүр» т.б.

Нұсқау: «Мына суретте не бейнеленген?».

Тапсырма 2

Мақсаты: баланың заттар арасындағы логикалық-мағыналық қатынастарды белгілеп аяқталған ыраза түрінде айту қабілетін анықтау;

Сипаттамасы: балаға үш сурет ұсынылады, ол үшеуін де қатыстырып сөйлем құрастыруы керек.

Нұсқау: «Мына үш сурет бойынша әңгіме құрастыр» (мысалы, «қыз», «себет», «орман»)

Ескерту: Тапсырманы жеңілдету үшін көмекші сұрақ беріледі: «Қыз не істеді?» Баланың алдында міндет тұр: әр суреттің семантикалық мағынасы және педагогтың сұрағы негізінде аяқталған фраза түрінде құрастырып айту.

Тапсырма 3

Мақсаты: құрылымы қарапайым және шағын көлемді әдеби мәтінді айтып беру мүмкіндігін анықтау.

Сипаттамасы: Мәтін екі рет оқылады; қайталап оқу алдында балалар өздері айтып беретіндерін естеріне салу. Авторлық шығармаларды қолданғанда қайталап оқығаннан соң, мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар (3-4) қойылады.

Нұсқау: Мен ертегі оқимын, сен мұқият тында. Сонан соң өзін айтып бересін.
Құрал-жабдықтар: «Шалқан» немесе «Бауырсақ» т.б. ертегілердің мәтіні.

Тапсырма 4

Мақсаты: кезектіліктегі фрагмент-эпизодтардың мазмұны негізінде байланыстырылған сюжетті әңгіме құрастыру мүмкіндігін анықтау.

Сипаттамасы: Әңгіме мазмұнының суреттері рет-ретімен орналастырылады, балаға анықтап қарап, есіне сақтап, әңгіме құрастыру ұсынылады.

Алдын ала жұмыс: Серияның әрбір суретінің мазмұны талданып, мағынасы түсіндіріледі.

Нұсқау: Суреттерге қара, есіне сақта, әңгімелеп айт.

Құрал-жабдықтар: Ертегі мәтіні бойынша үш-төрт суреттен құралған сериясы.

Тапсырма 5

Мақсаты: өзінің тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру білігін, байланыстырылған фразалық және монологтық сөйлеу тілін меңгерудің ерекшеліктері мен деңгейін анықтау.

Сипаттамасы: Балаға өзіне жақын, балабақшадағы («Біздің аулада», «ауладағы ойындар») әрекеттері тақырыбында әңгіме құрастыру ұсынылады.

Нұсқау: Балабақшада болғанда далаға шыққанда не істейтіндерінді әңгімелеп айтып берші.

Тапсырма 6

Мақсаты: Сипаттама әңгіме құрастыру білігін анықтау.

Сипаттамасы:

Нұсқау: Затқа қарап, ұсынылған сұрақтар жоспары бойынша әңгіме құра. Мысалы: «Қуыршаққа қара: оның аты кім, мөлшері қандай, дене мүшелерін ата, неден жасалынған, не киген, басында не бар?»

Құрал-жабдықтар: Негізгі бөліктері мен белгілері нақты көрсетілген заттардың (ойыншықтардың) моделдері немесе графикалық бейнелері (ит, мысық, машина т.б.).

Тапсырма 7

Мақсаты: қойылған шығармашылық міндетті шешу және әңгіме құрастырғанда ұсынылған мәтін мен көрнекілік материалдарын пайдалану білігін анықтау.

Сипаттамасы: Балаға әңгімедегі сюжетті әрекеттің кульминациялық жері бейнеленген сурет ұсынылады. Суреттің мазмұны талданған соң,

аяқталмаған әңгіменің мәтіні екі рет оқылады да, балаға оның жалғасын ойлау ұсынылады.

Нұсқау: Берілген басы бойынша әңгімені жалғастыр (сурет бойынша).

Құрал-жабдықтар: Әңгіменің мәтіні бойынша суреттер сериясы.

Мысал: Самат бірінші сыныпта оқиды. Үйден мектепке дейінгі жол орман арқылы өтетін еді. Бір күні Самат мектептен үйіне қайтып келе жатыр еді, ағаштардың артынан төрт қасқыр шыға келді. Самат қорқып кетіп, сөмкесін лақтыра салып, ағаштың басына шығып алды. Қасқырлар ағашты айнала отырды. Бір қасқыр Саматқа қарай секірді ... Ары қарай не болды?

Суреттің мазмұны: бала ағашта; ағаштың астында қасқырлар; алыста баланың үйі көрініп тұр.

Суреттің мазмұны бойынша қойылатын сұрақтар:

1. Суретте не көріп тұрсың?
2. Жылдың қай мезгілі бейнеленген?
3. Алыста не көрініп тұр?
4. Ағаштың астында не жатыр?

Тапсырма 8

Мақсаты: Ұсынылған тақырып бойынша өз ойымен әңгіме құрастыру дағдыларын анықтау.

Сипаттамасы: Балаға қыз, себет, орманның, орманға дейінгі жолдың суреттері ұсынылады.

Нұсқау: Мына суреттерге қара. Қыздың атын кім деп қоямыз? Қыз қайда барды? Ол орманға неге барды? Орманда қыз не істегені туралы әңгіме құрастыр.

№	Тапсырма түрі	Баланың әңгімесі	Ерекшеліктері мен кемшіліктері	Тапсырманы орындау деңгейі
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				

СТЖД (Ш-ДЕҢГЕЙ) БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

СТЖД балалармен түзете-дамыту жұмысының негізгі қағидалары:

1. *Бұзылысты жоюдың жүйелік қағидасы* – құрылымдық компоненттері тығыз байланысты сөйлеу тілі- күрделі функционалды жүйе деген түсінікке сүйенеді. Осыған сай сөйлеу тілі кемістігін түзету функционалды сөйлеу жүйесінің барлық жағына (лексика, грамматика, фонетика) әсер етуді көздейді. Аталмыш қағида түзете-дамыту әрекетінің нәтижесін болжауға мүмкіндік береді.

2. *Онтогенетикалық қағида* – балалардың тілін онтегенезге (балалардың сөйлеу тілінің қалыпты жағдайда даму заңдылықтарын ескеру) сүйене отырып дамыту, себебі СТЖД балалардың сөйлеу тілі қалыпты дамыған баланікі сияқты заңдылықтар бойынша дамиды. Логопедиялық әсер ету әдістемесін құрастыру сөйлеу тілінің түрлері мен функцияларының пайда болу кезектілігін және онтегенездегі баланың іс-әрекеттерінің түрлерін ескеріп жүргізіледі.

Баланың сөйлеу функциясының қалыптасуының объективті және субъективті жағдайларын талдау, негізгі (жетекші) ақаулықты және соның салдарынан күрделенген психикалық дамуының кемістіктерін айқындау көзделеді.

3. *Сөйлеу тілінің психикалық дамудың басқа жақтарымен байланысы қағидасы*. Басқа психикалық процестермен сөйлеу тілінің қалыптасуының өзара байланысын ашады. Сөзсіз психикалық процестердің (зейін, ойлау, есте сақтау, қабылдау т.б.) даму барысында сөйлеу тілі дамуы үшін, жазбаша сөйлеу тілін меңгеру үшін қажетті психологиялық база қалыптасады.

4. Екіншілік бұзылыстардың алдын алу мақсатында *сөйлеу әрекетіне ерте әсер ету қағидасы*. Қазіргі уақытта ерте басталған түзету жұмысының тиімділігі дәлелденген. Сондықтан, қазіргі уақытта сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы балабақшаларда 2-3 жастағы СТЖД балалар үшін топтар (бірінші кішкентайлар тобы) ашылуда.

5. *Мектепке дейінгі мекемеде және отбасында түзете-оқыту процесінің үздіксіз және кешенділік қағидасы* (ата-ана, логопед, тәрбиешілер жұмысындағы келісімділік т.б.). Кешенділік талаптары сабақтарда, күн тәртібін орындау барысында, отбасы жағдайында және т.б. жалпы және түзету педагогикасының, педагогикалық және арнайы психологиядағы әдістер, әдістемелер, тәсілдер мен құралдарды логопед, тәрбиеші сабақтарында қалыптастырылған сөйлеу біліктерін және танымдық дағдыларын бекіту мақсатында қолдану қажеттілігін көздейді.

6. *Кешенділік қағидасы*. Сөйлеу тілі бұзылыстарының этиологиясын, патогенезін және механизмін ескеруді көздейді. Сөйлеу тілі бұзылыстары көбінесе жүйке-психикалық ауырулар синдромына қосылады (дизартрия, алалия, тұтықпа т.б.), сондықтан сөйлеу тіліндегі ақаулықты түзетуде

логопедиялық көмектен басқа медициналық – психологиялық қолдау қажет.

7. *Концентрациялық қағидасы.* Түзете-дамыту әрекеті бір лексикалық тақырып ішінде бір кезеңнен екіншіге өту барысында күрделенеді. Осы қағидаға сәйкес, бағдарламада берілген оқыту кезеңдері өзара байланыста: оқытудың мазмұны әр кезеңде балаларды жаңа, күрделі материалды меңгеруге дайындайды.

8. *Бірізділік қағидасы.* Бір жағдайларда тақырыптық пәнаралық байланыс, басқаларда педагогикалық ойы бойынша жалпылық. Бұл қағиданың іске асырылу мақсатында оқу материалы қайталанады да, СТЖД балаларда тұрақты біліктер мен дағдылар қалыптасады.

9. *Жеке және дифференциалды ықпал ету қағидасы* түзете-дамыту әрекетінде сөйлеу тілі бұзылысының құрылымын, балалардың тұлғалық ерекшеліктерін және танымдық мүмкіндіктерін ескеруді көздейді. Аталмыш қағида жұмыс темпінің жекешелігін – өткен кезең материалын толық меңгергенде ғана оқытудың жаңа кезеңіне өтуді көздейді.

10. *Құрылымдық-семантикалық қағида.* Логопедияның теориясы мен тәжірибесін талдау барысы көрсеткендей, баланың сөйлеу тілінің семантикалық жағын дамытуда тілдің лексикасы және грамматикасы жеке қарастырылады. Лексикалық семантиканы меңгеру сөздік жұмыс негізінде жатыр, ал грамматикалық семантиканы меңгеру сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын дамыту жұмысында іске асырылады. Тіл тәжірибесінде бұл аспектілер тығыз байланыста болады. Сөйлеу тілінің семантикалық жағының дамуы өз ретінде, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тіл бұзылыстырын түзетіп теңестіруге ықпал етеді және түзету-логопедиялық жұмыстың деңгейін жоғарылатады.

11. *Сөйлеу тіліне үйретудің қатынастық бағыттылығы қағидасы.* Қатынастың құралдарына ғана оқыту емес, сол құралдарды белсенді түрде практикалық қатынаста қолдану.

12. *Тұлғалық-бағдарлау қағидасын* СТЖД мектеп жасына дейінгі балаларды түзете-дамыту әрекетінде пайдалануды, білім беру процесін ұйымдастыруда эмоционалдық қатынастың негізі болып есептелетін ойын түрлерін көп қолдануды; қимыл белсенділігін әдетке айналдыру, балаға түсетін психикалық және физикалық жүктемелер шамасын ескеруді; бағдарлама материалының баланың күнделікті өмірімен байланысын; көрнекі және дидактикалық құралдарды көп қолдануды қажет етеді.

Балалармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстың бағдарламасы (ересектер тобы)

Бұл деңгейдегі балалармен арнайы балалар бақшасындағы немесе жалпы білім беретін балалар бақшасындағы арнайы топтарда логопедиялық жұмыс сөйлеу тілін кезеңмен қалыптастыру жүйесі арқылы іске асырылады.

Сөйлеу тілі дамуының 3-деңгейіндегі балаларды оқыту және тәрбиелеу жүйесі балалардың жасына сай екі оқу жылына есептелінген (ересектер және мектепалды даярлық топтары). Оқу жылының әрқайсысы үш кезеңге бөлінеді.

Осы уақыт кезінде балалардың өзіндік байланыстырып сөйлеуі, грамматикалық дұрыс өңделген сөйлеуі; баланың жас ерекшеліктеріне сай қойылатын талаптарға лайық тілдің лексикалық жағының сандық және сапалық параметрлері; ана тілінің фонетикалық жүйесін меңгеруі қалыптастырылып, бала мектепте оқуға әбден дайын болады.

Түзете оқытудың негізгі мақсаттары:

- Тілдің лексикалық және грамматикалық құралдарын практикалық тұрғыдан меңгерту;
- Дұрыс дыбыс айтуын қалыптастыру (артикуляциялық дағдыларын үйрету, сөздің буындық құрамын меңгеру, фонематикалық естуі мен қабылдауын дамыту);
- Сауат ашуға дайындық және оның элементтерін меңгеру;
- Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.

Аталған түзету мақсаттар арнайы (логопедиялық) ересектер және мектепалды даярлық топтарында іске асырылады. Мұндай балалармен түзету жұмысын ұйымдастырудың мақсат, міндеттері, жұмыс әдістері мен тәсілдері балалардың жастарына сай мүмкіндіктеріне, СТЖД 3-ші деңгейдегі балалардың сөйлеу және когнитивті потенциалына қарай дифференциалды сипатқа ие болады.

Ересектер тобында түзете-тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыру

Түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігі балабақшада болған уақыттағы балаларға берілетін жүктеменің дұрыс бөлініп, ұйымдастырылуы мен мұғалім-логопедтің, топ тәрбиешісінің және басқа да мамандардың біліктілігі мен өзара әрекеттес жұмыстарына байланысты болады.

Күн тәртібі мен логопед және тәрбиешінің сабақ кестесі аталған балалардың жасын, сөйлеу және жеке ерекшеліктерін; оқыту мен тәрбиелеудің жалпыдидактикалық және түзету міндеттерін ескеріп құрылуы тиіс.

СТЖД 3-деңгейіндегі бес жасар балалар көбінесе топпен өткізілетін фронталды сабақтарда оқу материалын толыққанды меңгере алмайды. Мұны балалардың сөйлеу тілінің дамымауымен, зейін, есте сақтау және сабақтарда тез шаршағыштығымен түсіндіруге болады. Осыған орай, оқу жылының басында логопед пен тәрбиешінің кейбір сабақтарын шағын топтармен жүргізген ұтымды. Ол үшін балалар сөйлеу тілі және басқа да ерекшеліктеріне қарай екі шағын топқа бөлінеді.

Арнайы топтағы сабақтар қыркүйектен маусымға дейін аптасына бес реттен сабақ кестесіне сәйкес жүргізіледі. Логопедиялық сабақтар фронталды (топтық), шағын топтық (3-5 бала) және жеке сабақтарға бөлінеді.

Фронталды логопедиялық сабақтар (25-30 мин) таңертеңгі уақытта өтеді, олардың саны оқыту кезеңіне сәйкес болуы тиіс.

Логопедиялық сабақтар

Ересектер тобындағы (5-6 жас) күн тәртібінің үлгісі

Күн тәртібіндегі шаралар	Уақыты
Қабылдау, ойындар, ертеңгілік жаттығу	7.00-8.20
Таңертеңгі ас	8.20-9.05
Сабақтарға дайындық	9.05-9.10
Сабақтар	9.10-9.30 9.40-9.55
Серуенге дайындық	9.55-10.00
Серуен, жеке және шағын топтардағы логопедиялық сабақтар; логопедиялық құжаттарды толтыру, өңдеу	10.00-13.00
Серуеннен оралу, түскі ас	12.20-13.00
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13.00-15.10
Ұйқыдан біртіндеп ояну, су және ауа шаралары, бесін тамаққа дайындық	15.10-15.20
Түзету сағаты. Логопедтің тапсырмасы бойынша жеке және шағын топтық сабақтар	15.20-15.40
Бесін тамақ	15.40-16.00
Дене шынықтыру/Музыка сабақтары	16.00-16.15
Балалардың өзіндік ойындары	16.15-16.30
Серуенге дайындық, серуен	16.30-18.00
Серуеннен оралу, кешкі асқа дайындық	18.00-18.20
Кешкі ас	18.20-18.45
Ойындар, үйге қайту	18.45-19.00

Аптадағы сабақтардың тізімі

Сабақ түрі	Уақыты (1топ/2топ)	маман
Дүйсенбі		
Шағын топтық логоп.сабақ	9.10-9.30/ 9.40-9.55	логопед
Қарапайым математикалық дағдыларын қалыптастыру сабағы	9.40-9.55/ 9.10-9.30	тәрбиеші
Сейсенбі		
Шағын топтық логоп.сабақ	9.10-9.30/ 9.40-9.55	логопед
Айналамен танысу/Көркем	9.10-9.30/ 9.40-9.55	тәрбиеші

әдебиет		
Сәрсенбі		
Шағын топтық логоп.сабақ	9.10-9.30/ 9.40-9.55	логопед
Бейнелеу/ мүсіндеу	9.10-9.30/ 9.40-9.55	тәрбиеші
Музыка	16.00-16.15	музыка жетекшісі
Бейсенбі		
Шағын топтық логоп.сабақ	9.10-9.30/ 9.40-9.55	логопед
Құрастыру/ жапсыру	9.10-9.30/ 9.40-9.55	тәрбиеші
Дене шынықтыру	16.00-16.15	дене шынықтыру инструкторы
жұма		
Шағын топтық логоп.сабақ	9.10-9.30/ 9.40-9.55	логопед
Музыка	9.10-9.30/ 9.40-9.55	музыка жетекшісі
Дене шынықтыру	16.30-16.45	дене шынықтыру инструкторы

1-ші және 2-ші топтың сабақтары уақыт бойынша кезектестіріледі

Логопедиялық сабақтардың мазмұны

Балабақшаның кішкентайлар тобындағы СТЖД III-деңгейіндегі балаларды түзете оқытудың негізгі бағыттары:

1. Сөз қорын молайту;
2. Грамматикалық дағдыларын жетілдіру;
3. Байланыстырып сөйлеуін дамыту;
4. Дыбыстарды дұрыс айтуын қалыптастыру.

Балалар сұрақтарға жауап береді, сұрақ қоя алады, фразалық сөйлеуді меңгерген. Арнайы оқыту бұл балалармен екі бағытта жүргізіледі:

- мағынаны түсінуге сүйену;
 - жаттығу тапсырмаларын қолдану.
- Оқытудың негізгі міндеттері:*
- ұқсас дыбыстарды (ызың-ысқырық), естіп ажырату, кейін ауызша айтуда ажырату дағдысын дамыту;
 - көп буынды, күрделі сөздердің айтылуын бекіту, ауызша сөйлеуде қолдану (қарлығаш, тракторшы тракторын жөндеді);
 - дыбыстық талдау, жинақтау дағдыларын бекіту;

- сауат ашуға дайындау, оқыту.

Үшінші деңгейдегі балаларды оқыту барысында сөйлеу тілінің лексикалық- грамматикалық түрлерін меңгеріп сөйлеу тәжірибесінде қолдана білуіне ерекше көңіл бөлінеді, әртүрлі әңгіме құрастыру, мәтіннің мазмұнын айту дағдылары әрі қарай жетілдіріледі.

Балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруда бірнеше талаптар көзделеді:

- тақырыпты ашу;
- әңгіменің белгілі бір көлемін сақтау;
- мәнерлік тәсілдерді қолдану (эпитеттер, антонимдер, салыстырулар, метафоралар);
- төл сөздерді қолдану;
- әңгіменің құрылымы мазмұнының бірізділігі, аяқталуы.

Сонымен, сөйлеу тілін дамыту жұмысы жан-жақты, сөйлеу және сөзсіз функцияларын дамытуға, танымдық процестерін белсендіруге бағытталып жүргізілсе нәтижелі болады.

ЖСТД топтарында логопедиялық жұмысты ұйымдастыру

Логопедтің құжаттары

Жұмысы нәтижелі және тиімді болуы үшін логопедтің кәсіби даярлығымен тұлғалық ерекшеліктерінен басқа құжаттарын сауатты және дұрыс жүргізу білігі болуы керек.

Бұл балалардың сөйлеу тілінің бұзылыстарын, психофизиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, түзете -оқыту барысын тиімді және ұтымды түрде жоспарлауға, логопедиялық тексерудің кезеңдерін белгілеп отыруға мүмкіндік береді. Құжаттарды дұрыс жүргізгенде маман жеке және топтық логопедиялық сабақтардың мазмұнын көрсетуге, логопедпен тәрбиешінің, ата-аналардың бірлескен жұмысын жоспарлауға және жүргізілген логопедиялық жұмыстың қорытындысын шығаруға мүмкіндік береді.

Құжаттарды дұрыс толтырып жүргізу логопедке оқыту процесіндегі коррекциялық-педагогикалық жұмыстың нәтижесін толыққанды түрде бағалауға және қорытындыға сай балалармен жұмыстың тиімді тәсілдерін белгілеуге көмектеседі.

Логопедтің құжаттарында бала алғаш осы мекемеге түскен кездегі медициналық қорытындысы (МППК қорытындысы, балалар емханасындағы логопедтің балаға жазған мінездемесі; психоневролог, оториноларинголог, офтальмолог, ортодонттың қорытындылары) болуы керек.

Оқу жылы бойы (қыркүйектен маусым айлары арасында) логопед мынандай құжаттарды жүргізеді:

- әр балаға арналған сөйлеу картасы;
- жұмыстың алдын ала (перспективті) және күнтізбелік жоспары;
- әр баланың жеке дәптерлері;

- логопедтің тапсырмасы бойынша тәрбиеші кешке жүргізетін сабақтарды тіркейтін дәптер (логопедпен тәрбиеші жұмысының байланыс дәптері);
- коррекциялық оқытудың нәтижелері туралы жартыжылдық және жылдық есептері.

Сөйлеу картасын логопед топтағы баланың әрқайсысына екі аптада (1-15 қыркүйек аралығында) логопедиялық тексеру нәтижесі бойынша толтырады. Картасына бала тапсырмаларлы орындаған кезде жіберген қателері, баланың сөйлегені, лексикалық-грамматикалық және фонетикалық қателері жазылып отырылады.

Тексеру аяқталғанда психологиялық-педагогикалық (ЖСТД, сөйлеу тілі дамуының екінші деңгейі) және клиникалық-педагогикалық (дизартрия) топтастыруларға сәйкес логопедиялық қорытынды шығарып, оқыту мерзіміне баламен жүргізілетін жеке жұмыстың алдын ала (перспективті) жоспары құрылады.

Оқу жылының ортасында (жартыжылдық есеп) және соңында (жылдық есеп) сөйлеу картасында логопедиялық жұмыстың қорытындысы жазылады (дыбыс айтуының қандай бұзылыстары мен аграмматизмдері әлі де орын алады, сөйлеу процесінің қай жағы нақтылау мен бекітуді қажет етеді. Қорытындыда келешекте оқытуға берілетін ұсыныстар жазылады.

Логопед құжаттарының келесі түрі – *алдын ала (перспективті) және күнтізбелік жоспарлар*.

Алдын ала жоспарға сай логопед күнтізбелік жоспар жүргізуге міндетті. Онда күнделікті жұмысы (топтық, шағын топтық, жеке сабақтар) жоспарланады. Күнтізбелік жоспарға топтық сабақтардың толық үлгілері немесе сабақтың тақырыбы, мақсаты, негізгі кезеңдері толық жазылған жоспар тіркелуі қажет. Балалармен (күніне 7 баладан кем емес) жүргізілетін жеке сабақтар да, әрбір күнге жоспарланады. Күнтізбелік жоспардың «Балалармен жүргізілетін жеке жұмыс» бөлімінде мыналарды белгілеу қажет:

- баланың аты, жөні;
- жеке сабақтың тақырыбы;
- сабақтың мазмұны (баланың жеке дәптеріне жазылады).

ЖСТД (оқытудың бірінші жылы) балалар тобындағы күнтізбелік жоспардың бір күндік үлгісін көрсететін болсақ:

20 қыркүйек.

1. Дыбыс айтуды қалыптастыру бойынша топтық сабақ.

Тақырыбы: «А-у дыбыстары».

Мақсаты: *а* және *у* дыбыстарының артикуляциясын анықтап бекіту, сөздің басындағы дыбыстарды табуға үйрету.

Сабақтың жоспары.

Ұйымдастыру кезеңі.

А және *у* дыбыстарының артикуляциясын анықтау (дауыссыз артикуляция бойынша табу).

Фонематикалық естуін дамыту (*а* дыбысын басқа дыбыстар қатарынан табу, *у* дыбысын табу).

Дыбыстық қатарға талдау жасау (*ау, уа*).

Сергіту сәті (сөзбен қимылға арналған жаттығу).

А және *у* дыбыстарын сөздің басынан табу (*аң, уық, арман, уыс*)

Есту зейінін дамыту (екі сатылы нұсқауды орындау: «Терезенің алдына барып, кітапты ал»).

Сабақтың қорытындысы.

2. Балалармен жеке жұмыс.

Самат А, Арман К, Тілек Т. – артикуляциялық аппаратты *с* дыбысын қоюға дайындау.

Бибінұр Т., Сәуле Б. - *л* дыбысын қою.

Ермек Б., Меруерт Ж. – *в* дыбысын сөздерде машықтандыру.

Мөлшерімен екі аптада бір рет логопед ата-аналарға арналған кеңестерді жоспарлауы керек. Жылына төрт ата-аналар жиналысы (оқу жылының басында, оқытудың әрбір кезеңінде, оқу жылының соңында) жоспарланады.

Баланың жеке дәптерін логопед әр балаға арнап толтырады. Ыңғайлы болу үшін 96 беттік дәптер арнаған жөн. Дәптерді тәрбиешімен, ата-анамен бірлесіп және баланың көмегімен әдемі, қызықты етіп толтырған дұрыс. Онда жеке тапсырмалар жазылады.

Жазулардың негізгі мазмұны мынандай болуы керек:

- Жеке сабақтың өткізілген күні;
- Фонематикалық естуін дамытуға арналған тапсырмалар;
- Артикуляциялық жаттығулар;
- Дыбысты дұрыс айтуын қалыптастыруға арналған жаттығулар;
- лексикалық-грамматикалық түсініктерін дамытуға арналған жаттығулар;
- Байланыстырып сөйлеуін дамытуға арналған жаттығулар;
- Сөзсіз процестерді дамытуға арналған жаттығулар.

Апта бойы баланың жеке дәптері бойынша тәрбиеші жұмыс жасайды, демалыс күндеріне (сенбі, жексенбіге) дәптерді ата-анасына береді. Ата-аналар демалыс күндері өткен аптадағы материалды баламен бірге қайталап бекітумен айналысады.

Баланың жеке дәптеріндегі жазулардың үлгісі мынандай болуы мүмкін.

21 қыркүйек.

1. Күнделікті мына артикуляциялық жаттығуларды орындау:

«Серуен», «Саңырауқұлақ», «Сылақшы», «Сырнай».

2. «Қара да ата» ойыны. Балаға белгілі кезектілікпен суреттер ұсынылады, ол суреттерді сол кезектілікті сақтай отырып қайталап атауы керек: *диван, дон; сан, сиыр, сағыз*.

3. *С* дыбысын сөздерде машықтандыру, «Насос әні» ойыны: *с-с-с-а, с-с-с-о, с-с-с-у, с-с-с-ы*.

4. «Сөздегі бірінші дыбысты ата» ойыны: *аңшы, алмұрт, уыс, Уақ*.

5. «Бақшада не өседі?» ойыны. Сәйкес суретті салу немесе жапсыру, суреттерді атау.

6. «Сөйлемді толықтыр, қайтала» ойыны: Мен ... (сәбізді) жұламын. Мен ... (қиярды) жинаймын. Мен ... (картопты) қазамын.

7. «Балалар астық жинады» сюжетті суреті бойынша әңгіме құрастыру.

Логопедтің тапсырмасы бойынша тәрбиеші кешке жүргізетін сабақтарды тіркейтін дәптер.

Бұл дәптер логопедпен тәрбиеші арасындағы тығыз байланыстың көрсеткіші болдып табылады.

Күнделікті, жұмыс уақытының соңында логопед жеке дәптерге баламен жеке коррекциялық сабақта орындалатын тапсырмаларды жазып қояды. Тәрбиешімен түзету сағатында сабақ өтетін балалардың саны алтыдан аспауы тиіс.

Дәптерге сабақтың күні, логопедтің тасырмасы және жұмыстың талдауы жазылады. Талдауды жазғанда логопед баланың материалды қаншалықты жақсы меңгергені, тапсырманы орындау барысында қандай қиындықтарға тап болғанын белгілеп отырады. Кешкі сабақтарда берілетін тапсырмалардың барлығы балаға таныс болуы керек.

Кешкі сабақтарда мынандай жаттығулар алуға болады:

- артикуляциялық жаттығуларды жасау;
- қойылған дыбыстарды машықтандыру;
- логопедпен өткен жаңылтпаш, тақпақ, мәтіндерді қайталау;
- фонематикалық естуін дамытуға арналған;
- сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық жағын қалыптастыруға арналған.

Логопед тәрбиешінің кешкі сабақтарына дыбысты қоюға арналған жаттығуларды қоспауы керек.

Кекі сабақтарда берілетін тапсырмалар үлгісі мынандай болуы мүмкін:

28 қыркүйек.

1. Тілек Т., Самат А. – бағытталған, ауа ағымын қалыптастыру («Қақпаға доп кіргіз», «Қарындашты үрлеп жылжыт»).
2. Бибінұр Т., Сәуле Б. – с дыбысын жаңылтпаш айтқызып машықтандыру:
Сасық суды тауысқан,
Сойқан суайт сауысқан.
Самғап келіп қиырдан
Сампылдады сиырға:
Сусап барам сусын бер.
Сыйлығымды сосын көр.
3. Ермек Б., Меруерт Ж. – «жемістер» тақырыбы бойынша сын есімдерді қолдануын бекіту. «Дәмді шырын» (алма, алмұрт, апельсин, алша, шие) ойыны.

Жылдық есеп.

Бұл құжат логопедтің жылдық жұмысының тиімділігі туралы есеп. Оны логопед аға логопедке өткізеді, ол барлық есептерді жинап алып аудандық оқу бөліміндегі логопедке өткізеді.

Жылдық есептің мазмұны мынадан тұрады:

- Логопедтің аты, жөні, топтағы балалардың сөйлеу тілінің диагнозы, оқыту жылы.
- Топтың топтастырылған күні;
- Топқа түскен балалардың әрбіреуінің диагнозы және саны;

- Топтан шығарылған балалардың саны (барлығы, сөйлеу тілі жақсы, өте жақсы; сөйлеу тілі толық түзелмеген);
- Баланы қай мекемеге жіберу туралы ұсынысы (жалпы білім беру мектебі, жалпы білім беру балабақшасы, коррекциялық сынып, сөйлеу мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған мектеп, көмекші мектеп);
- Логопедиялық топта қалатын балалардың саны, қандай диагнозбен;
- Оқу жылы барысында әртүрлі себептермен (себептері көрсетіледі) балабақшадан кетіп қалған балалардың саны.

Сонымен, құжаттардың негізгі түрлерінің болуы – логопедтің топтағы жұмысының міндетті шарты болып табылады. Құжаттардың дұрыс жүргізілуін аудандық оқу бөліміндегі аға логопед немесе қалалық МППК бағалайды. Бұл логопедтің біліктілік санатын белгілеуде өте маңызды болып табылады.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалар тобындағы тәрбиешінің жұмысы

СТЖД балаларға тән ерекшеліктер қатары: олардың коммуникативті мүмкіндіктерінің жетілмеуі, және көбінесе есте сақтау, зейіні, қабылдау процестерінің, моторлы дағдыларының қалыптасуындағы ерекшеліктері логопедиялық топтағы тәрбиешінің жұмысына қойылатын ерекше талаптардың қажеттілігін туындатады. Ең алдымен, ол тәрбиешінің жалпы білім беру міндеттерімен қатар, сөйлеу тілінің ақауына байланысты баланың сенсорлы, аффектілі-ерік, интеллектуалды аяларының кемшіліктерін түзетуге бағытталған міндеттерді де орындауымен түсіндіріледі.

Сондықтан баланы педагогикалық тексеруден өткізу барысында тәрбиеші төмендегідей бөлімдерге тоқталғаны жөн:

- баланың сөйлеу тілінің дамуының психологиялық алғышарттарын (ойлау операцияларын; естіп, көріп және тактильді қабылдауын; есте сақтауының көлемі мен тұрақтылығын; зейінінің тұрақтылығы мен ауысымдылығын; эмоциялы-ерік аясын т.б.);
- оптика-кеңістіктік бағдарлауын;
- моторлы мүмкіндіктерін (ұсақ, жалпы және артикуляциялық моторикасын, графикалық дағдыларын т.б.);
- баланың жасына сай негізгі іс-әрекетінің түрін (әр түрлі ойындарды меңгеруі);
- тіл жүйесінің компоненттерін (лексика, грамматика, фонетика және байланыстырып сөйлеу тілі т.б.);
- фонематикалық естуі мен дыбыстық талдау дағдылары;
- балабақша бағдарламасының талаптарына сай, барлық оқу әрекеттерін бойынша білімдері мен біліктері.

Оқу жылының алғашқы екі аптасында тәрбиеші логопедиялық топқа қабылданған әр баланы тиянақты түрде тексереді.

Логопедиялық топқа қабылданған балаларды тәрбиешінің тексеру тәртібі:

1. Қарапайым математикалық түсініктерінің дамуы.

Баланың мынандай біліктері тексеріледі:

- 5-10 аралығында санауы;
- заттарды негізгі белгілері бойынша салыстыру;
- берілген санға сай заттарды іріктеу;
- заттарды мөлшері бойынша салыстыру (үлкен- кішкентай, жалпақ – жіңішке, ұзын-қысқа т.б.);
- геометриялық пішіндерді ажырату;
- кеңістікте бағдарлау.

2. Бейнелеу, мүсіндеу, жапсыру.

Баланың мынандай біліктері тексеріледі:

- қарындашты дұрыс ұстауы;
- тік және көлденең сызықтарды сызуы;
- дөңгелек пен сопақшаны салу;
- үлгіге сүйеніп және сүйенбей, ермексаздан (балшықтан) пішіндерді мүсіндеп жасау (шар, шұжық, тоқаш);
- қайшыны дұрыс ұстау;
- қағазды тігінен және көлденеңінен (тік және толқынды сызықпен) кесу;
- дөңгелек, сопақшаны кесу.

3. Үлгіге сүйеніп және сүйенбей құрастыру.

Баланың мынандай біліктері тексеріледі:

- бөлшектерден тұтас затты құрастыру (суреттер, кубиктер);
- сіріңкенің шырпыларынан немесе таяқшалардан пішіндер құрастыру.

4. Моторлы дамуы.

Баланың мынандай біліктері тексеріледі:

- оң/сол аяғымен кезек-кезек алдыға-артқа жылжып секіру, заттардан аттап секіру;
- допты лақтырып, қағып алу, еденге соғу;
- гимнастикалық сатыға өрмелеп шығу/ түсу;
- басқа қимылдарды (бір аяқпен тұру, тақтай бойымен жүру т.б.) орындағанда тепе-тендік сақтау.

5. Өзіне өзі қызмет көрсету және тұрмыстық еңбек.

Баланың мынандай біліктері тексеріледі:

- түймелерін тағу, шешу; аяқ киімнің замогын ашып жабу, бауын байлау, шешу;
- қолдарын дұрыс жуу, сабынмен орамалды дұрыс пайдалану, тістерін тазалау;
- қасық, шанышқыны, майлықты дұрыс пайдалану;
- дастархан жаю, төсек жинау, ойыншықтарды жинау.

2. Ойын біліктері мен дағдылары:

- қимылды, дидактикалық, сюжетті-рөлді және басқа ойындарға қатысуы;

- ойын ережелерін, кезектілігін және ойын әрекеттерінің кезектілігі мен өзара байланысын бағытталған түрде ұстану.

Тексеру барысында алынған мағлұматтарды тәрбиеші бағдарламада төменгі немесе жоғары топқа қойылатын талаптарымен салыстырады.

Осы кезеңнен бастап тәрбиешінің жұмысы логопедтің жұмысымен тығыз байланыста болады. Тәрбиеші логопедиялық тексеру нәтижелерімен танысып, сөйлеу картасы, медициналық құжаттарда жазылған ақпараттармен, логопедиялық қорытындылармен танысады.

Логопедпен тәрбиеші арасындағы жұмыстың дұрыс, анық жүргізілуі түзету педагогикалық жұмыстың жоғары тиімділігінің кепілі.

Жоғарыда айтылғаннан, логопедиялық топтағы жұмысты сипаттайтын, тәрбиешінің әрекеттерінің маңызды компоненттерін белгілеуге болады. Тәрбиешінің міндеттеріне ең алдымен, балалар ұжымында жағымды жағдай орнату, балалардың өз мүмкіндіктеріне сенімін бекіту, бұзылған сөйлеу тілінің бұзылған мүмкіндіктеріне байланысты кері әсерлерді болдырмау, сабақтарға қызығушылықтарын арттыру болып табылады. Тәрбиеші бала тәртібіндегі әр түрлі негативті жағдайларды шешуге, аса қозғыштығын уақытында байқап, мұқият болуы керек. Жұмыста баланың шаршағыштығының, енжарлығының үстемдігіне себепші факторларды ескеру қажет.

Тәрбиешінің психологиялық-педагогикалық әсер етуі көп жағдайларда баланың тәртібіндегі жағымсыз жағдайлардың болмауына, топта ұжымдық, әлеуметтік жақсы қарым-қатынастарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Тәрбиешінің міндеттері: түзету процесінің әр кезеңінде балалардың сөйлеу әрекетінің жағдайын күнделікті бақылап отыру; олардың сөйлеу белсенділігін, логопедиялық сабақтарда қалыптастырылып, бекітілген дыбыстарды, лексикалық-грамматикалық құрылымдарды, сөз формаларын сөйлеу тілінде дұрыс қолдануларын қадағалап отыру. Қажет болса, тәрбиеші ақырындап баланың қателерін түзетіп, оның асықпай, анық, интонация жағынан нақты сөйлегенін бақылап отырады. Тәрбиешінің өзінің сөйлеуі тіл кемістігі бар бала үшін үлгі болуы қажет. Ол үшін тәрбиеші өзінің сөйлеуінің темпін реттеп, сөздерді мағынасы бойынша дұрыс қолданып, баланың түсінуіне қиын күрделі құрылымдардан бас тартуы керек.

Тәрбиеші сөйлеу тілі дамымаған балалардың жеке ерекшеліктері жөнінде ақпараттанған болуы керек. Осы мақсатта тәрбиеші, бала қандай қиындықтарға кездескенін және түзету әсер етудің қандай әдістері мен тәсілдерін қолдануға болатынын анықтау мақсатында, үнемі логопедтің сабақтарына қатысып отыруы керек.

Сөйлеу тілін дамыту бойынша тәрбиешінің жұмысы логопедтің әрекетімен тығыз байланыста болады. Сондай-ақ, өз сабақтарында тәрбиеші оқу әрекеттерінің әр түрлі бағыттарында келесі логопедиялық сабақтардың негізін жасап отырады. Мысалы, бейнелеу сабақтарында балаларда негізгі түстердің және олардың реңктерінің атаулары жөнінде алғашқы түсініктері қалыптасады. Кейіннен, логопед өзінің сабақтарында сын есімдердің атауын

сөйлеу тілінде дұрыс қолдануға үйретеді. Қарапайым математикалық түсініктерді меңгеру де солай өтеді: тәрбиеші балаларға санауды, заттардың мөлшерінің қарапайым категорияларын белгілеуді үйретеді, ал логопед зат есіммен сан есімдерді грамматикалық дұрыс өңдеу дағдыларын қалыптастырады (бірінші сан –2, үшінші сан – 5 деген сияқты). Тәрбиешінің міндеттерінің бірі- ол логопедиялық сабақтарда қол жеткізген нәтижелерді бекіту. Бұл жұмысты тәрбиеші өзінің сабақтарында және одан тыс уақытта іске асырады. Атап айтсатын болсақ, тәрбиешімен өзара байланыс дәптеріндегі логопедтің жазғаны тапсырмаларына қарап, күн тәртібіндегі іс-шараларда (серуенде, ойын кезінде) немесе түзету сағатында дыбыстарды бекіту және ажыратуға, қысқа тақырыптық әңгіме құрастырғанда, сөздерді адекватты түсініп, қолдануға бағытталған арнайы тапсырмалар мен жаттығуларды орындайды. Сонымен қатар, тәрбиеші баланың қолының ұсақ моторикасын жетілдіруге көп көңіл бөлуі тиіс. Ол үшін ұсақ заттармен ойындар; пазлдармен мозаиканы құрастыру; құммен, сумен ойындар; бауланатын, түймеленетін, замогы бар заттармен әр түрлі ойындар қолданған тиімді. Жоғарыда айтылған жұмыстың бағыттарын іске асыра отырып, сөйлеу тілінің күрделі кемістігі– сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балалардың іс-әрекеттерін үнемі мадақтап отыру қажеттілігінің маңыздылығын естен кетірмеген жөн.

Қосымшалар

Қосымша 1

СТЖД балаларға арналған ұйымдарда заттық-дамыту ортасын орнатуға арналған құрал-жабдықтар

Психологиялық сергу (сенсорлы) бөлмесінің құрал-жабдықтары

1. Жұмсақ еденүсті және қабырға төсеніштері; пуфиктер, гранулданған заттарға толы жастықшалар, кресло-трансформер, балаға арналған айнасы бар бұрығ, судан ауа шарлары шығатын бағандар, сенсорлы жол, аяқтарға арналған тактильді жол, құрғақ бассейн, құрғақ душ т.б.
2. Интербелсенді құралдар, еденге және қабырғаға арналған панелдер: «Аспандағы жұлдыздар», «Ұзақ тоннель», «Айналатын дөңгелек», «Жарық сатысы», «Күзгі жапырақ».
3. Панно мен құрылғылар: «Қисық айна», «Аспандағы жұлдыздар», «Жанып тұратын оттар», «Құс жолы», «Көңілді су бұрқақ», «Жұлдыз жауыны», және түстерді салыстыруға, қолдардың қозғалғыштығын, стереогностикалық сезімін дамыту үшін қабырғаға арналған модульдер.
4. Шамдар, прожекторлар, эффектiлер, мысалы: айна шары мен әр түрлі проекторлар, «Түрлі түсті мозаика», «Жұлдызды тор», судан ауа шарлары шығатын бағандар.
5. Мобайлдар, панно, су бұрқақтары, гидро- және ароматерапияға арналған құрылғылар.

Логопедиялық кабинеттің жабдықтары

Жиһаз: үстел, балалардың санына сай орындықтар, құрал-жабдықтарға арналған шкафтар, сөрелер.

Қабырғаға және әр балаға жеке айналар.

Логопедиялық зондтар: массажға және дыбыстарды қоюға арналған, дыбыс айтуды түзетуге арналған қосымша заттар (шпателдер, рэзекеден жасалған соска); инструменттерді санитарлық зазалсыздандыру заттары (кішкентай және орташа мөлшердегі ыдыстар, спирт, мақта, мақта таяқшалары, сулықтар, дәке, марганцовка).

Тексерумен түзету жұмысына арналған дидактикалық материалдар:

- дыбыс айтуын, сөздің буындық құрамын тексеруге және түзетуге арналған альбомдар;
- көрнекі-графикалық белгілердің жиынтығы (тақырыптар бойынша: дыбыстар, буындар, дыбыстық-буындық талдау мен жинақтауға арналған сызбалар; сөйлем, әңгіме құрауға арналған сызбалар, сөзжасам мен теңдеуге арналған сызбалар);

- тақырыптар (жалпылама түсініктер (ыдыс-аяқтар, көкөністер-жемістер, жабайы және үй жануарлары, көлік, жануарлардың төлдері, киім, аяқ киім), тұтас зат және оның бөліктері, адаммен жануардың дене мүшелері, іс-әрекет сөздер, заттардың қасиеттері(сапалық, сандық), антоним сөздер, синоним сөздер, астарлы сөздер) бойынша сөз қойын молайтуға арналған құралдар;
- дамытуға арналған құрал-жабдықтар: тақырыптар бойынша сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын; байланыстырып сөйлеуді дамытуға: суреттер, суреттер сериялары, сюжетті анықтауға арналған заттық және сюжетті суреттер жиынтығы; сипаттама-әңгіме құрастыруға арналған ойыншықтар; ертегілер, әңгімелеп айтуға арналған әңгімелер, хрестоматиялар; балалардың жасына сай жұмбақтар, жаңылтпаштар.
- оптика-кеңістіктік бағдарлауын дамытуға: парақтар, көлемді және жазықтықтағы геометриялық пішіндер, үстел үсті және қабырға паннолары, модульдер, шытырмандар, Монтессори ойындары, эвристикалық кубиктер;
- графомоторлы дағдыларын дамытуға: қолдардық сезімталдығы мен қозғалғыштығын дамытуға арналған жиынтықтар, қабырға және үстел үсті паннолары, модульдері, Монтессори ойындары, құрастырғыштар, қаламдар, қарындаштар, фломастерлер, балшық, ермексаз;
- сауат ашу негіздерін оқытуға арналған дидактикалық құралдар: кеспелі әліппе, сөздердің сызбалары; әріптердің контурлы, силуэтті, көлемді және басқа бейнелері (оның ішінде аралас немесе жетіспейтін элементтері бар әріптер, жұмыс дәптерлері, жазу дәптерлері);
- логопедтің құжаттары:
- жеке сөйлеу карталары, логопедиялық сабақтардың жеке дәптері, кезеңдер бойынша жеке және шағын топтардағы сабақтардың жоспарлары, логопедпен тәрбиешінің өзара байланыс жұмысының дәптері, орындалған жұмыс жөніндегі логопедтің есебі (оқу жылының соңында), ата-аналар жиналысының уақыты мен тақырыптары.

Қосымша 2

СТЖД балалардың ата-аналарына арналған әдістемелік нұсқаулар

Әр аптада ата-аналарға арналған әдістемелік нұсқаулар логопедиялық топта балалардың жеке дәптеріндегі тапсырманы орындау жөнінде міндетті түрде кеңес ретінде беріледі. Ата-ананың көмегінсіз логопед, тәрбиешілер, басқа да педагогтар түзетушілік, дамытушылық міндеттерді шешуге қол жеткізе алмайды, баланың сөйлеу тіліндегі және жалпы дамуындағы кемшіліктерді түзете алмай, жан-жақты дамытып, қалыптасуына мүмкіндік бере алмайды.

Әдістемелік нұсқаулар ата-аналарға баламен үйде түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу үшін тағайындалған.

Ата-аналар мұғалім –логопед тапсырмалар жазған жеке дәптерді жұма күні алып, демалыс күндерінде, баламен экскурсия, табиғатты бақылау кезінде, қимылды ойындар, саусақты гимнастикалар, балаға жұмбақ жасыру, сурет салғызу, тақпақ оқу дегендей әдістерді қолдану арқылы баламен бірге орындайды. Тапсырмалар ата-ананың баланы жан-жақты дамытуға, сөздік қорын анықтап, молайту үрдісіне қатысуына мүмкіндік береді. Логопед әр лексикалық тақырып бойынша сөз қорының мөлшерін береді.

Логопедтің міндеті – ата-ананы өзіне көмекші ретінде тарту; бұл жұмыстың әсерлі бағыт алуына бағытталады. Міндетті түрде ересектерге бала тапсырманы тек көңіл күйі жайдары, қуанышты кезде ғана орындайтынын ескерту керек. Балаға ештеңені мәжбүрлеуге болмайды. Сабақты ойын түрінде өткізіп, үлкендерге қызық екендігін балаға көрсету керек. Барлық тапсырманы бірден орындамаған жөн. Біртіндеп 10-15 минуттан бірнеше рет өткізген дұрысырақ болады. Қимылды ойындар, саусақ гимнастикасын, мәтінді мәнерлеп оқып, қимылдың үлгісін келтіріп, баламен бірге орындаған дұрыс. Егер баланың ықыласы болса жұмбақ немесе тақпақ жаттатқызуға болады. Ең алдымен мәтінді бірге қайталап, кейіннен балаға қажет болса кейбір сөздерді айтып көмектесу арқылы, өз бетімен айтуды ұсынылады. Әдеттегідей, балаға шағын көлемдегі тақпақтың мәтінін есінде сақтауы үшін 2-3 рет қайталаған жеткілікті.

Міндетті түрде ата -аналарға баланың қабылдаудың барлық түрлерін дамыту қажет екенін түсіндірген маңызды. Ол үшін шынайы заттарды сипап сезуге, дәмін көруге, иісін иіскеуге рұқсат беріледі. Бала сипап сезу арқылы, көкөністердің қабықтарын, қызанақтың тегіс, қиярдық кедір- бүдір екендігін, дәмін салыстыруда, тәтті алма мен қышқыл лимон; естуге торғайдың шырылдауы мен сары шымшықтың тықылдатуын; шыны стақан мен пластмассадан жасалған стақандардың салмақтарын салыстырмалы түрде ажырату; дегендей тағы басқа. Заттарды салыстыруда антоним сөздерді қолдануға көмектесу керек: тегіс- кедір- бұдыр, тәтті – қышқыл, ауыр-жеңіл, аласа – биік, кең – тар.

Ата – ана логопедтен баламен өтілетін дамытушылық ойын сабағынан ақпарат алуы керек. Шыдамдылық сақтап, жігерлі болған жағдайда ғана тырысып баққандары бағаланып, жемісін көреді. Жылдың соңында баланың қаншалықты үйренгендігін, сөздік қорының молайғандығын, баланыстырып сөйлеуінің дамығандығын көруге болады.

Ата-аналарға баламен үнемі жұмыс жасау кезінде түрлі –түсті қарындаштар, қағаздар, акварель бояулары, гуашь, доп; бояу кітапшалары мен балаларға арналған әдебиеттердің міндетті түрде болғанын ескерту керек.

Ұсынылған тапсырмалар түрлері мен логопедтің кеңестері ата-аналарға балалардың үйде дұрыс дамып, оқуына үлкен көмегін тигізеді.

СТЖД III-деңгейдегі балаларға арналған

СӨЙЛЕУ КАРТАСЫ

Баланың аты, тегі, жөні _____
 Туған күні, айы, жылы _____
 Мекен жайы, үй телефоны _____
 Қайдан келіп түсті _____
 Ата-анасы туралы мәлімет _____
 Баланың сөйлеу тіліне деген ата-анасының шағымы _____
 Бұрын логопедке қаралған ба _____

Баланың ерте дамуы жөнінде мәліметтер.

Анасының жүктілігінің барысы мен босану ерекшеліктері _____
 Ерте жастағы психикалық және физикалық дамуы (қашан отырды, жүрді, жақындарын таныды) _____

Ерте жастағы сөйлеу тілінің дамуы:

Дыбысқа, өзiнiң атына қашан назар аудара бастады _____

Уілдеуі _____

Былдырлауы _____

Сөйлеу тілінің былдыр кезеңінің сипаты (белсенділігінің төмендігі, бірқалыптылық т.б.) _____

Қарапайым қаратпа сөзді, өтінішті түсінуі _____

Саналы түрде түйсініп сөйлеуінің уақыты _____

Алғашқы сөздердің сипаты (тұтастығы немесе буындап қайталауы, көп мағыналылығы) _____

Ересектің соңынан сөздерді қаншалықты белсенді қайталайды _____

Алғашқы сөз тіркестерінің пайда болған уақыты _____

Сөйлеу тілінің даму сипаты (баяу, динамикалық)

Сөйлеу тілінің дамуында үзіліс болды ма? (қашан, қандай себептен, неде байқалды) _____

Мамандардың қорытындылары.

Отоларинголог (физикалық естуі мен лор ағзаларының жағдайы) _____

Окулист (көру жағдайы жөнінде) _____

Психоневролог (зердесінің жағдайы және ОЖЖ органикалық зақымдануы бар/ жоқ жөнінде) _____

Логопедиялық тексеру.

Қарым-қатынасқа түсу және ұстану қабілеті _____

Зейіні мен есте сақтауының (ұзақ уақыт есте сақтауының көлемі, бір нысаннан екіншіге) ерекшеліктері _____

Ойлау операцияларының ерекшеліктері (топтастыру, салыстыру, сәйкестеу, сериациялау операцияларын орындауы; логикалық ойлауының қалыптасуы) _____

Жалпы моторикасының жағдайы _____

Ұсақ моторикасының жағдайы _____

Артикуляциялық аппараттың құрылымы мен қозғалысы _____

Тексеру сәтіндегі баланың сөйлеу тілінің жағдайы.

Әңгімелесу үлгісі _____

Сөйлеу тілінің жалпы дыбысталуы (темпі, анықтылығы, дауыстың ерекшелігі) _____

Фразалық сөйлеу тілінің бар-жоғы (өзіндік сөйлеу тілінде қандай құрылымдағы сөйлемдер колданатынын көрсету) _____

Дыбыстар	Жеке айтылуы	Буын, сөз, фразада айтылуы
Бірінші қатардағы дауыстылар а,ә,у,о,ү,ұ,о,ы,і		
Йотталған йа,йу,йэ,йо		
Ызың және ысқырық с,сь,з,зь,ш,ж,щ,ч,ц		
Сонорлар р,рь,л,ль		
Қатан/ұяң т-д,п-б,в-ф,		
Қатан/үнді т-ть, д-дь,п-пъ,в-вь		
Тіларты: к,кь,г,гь,х,хь		

Фонематикалық қабылдауының жағдайы (берілген дыбысты басқа дыбыстар қатарынан,буындардан, сөздерден бөлу, атауында сол дыбыстары бар суреттерді іріктеу, сол дыбыспен сөздер ойлау) _____

Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдылары (сөздің бірінші дауысты/дауыссыз дыбысын табу, сөздегі соңғы дауыссыз дыбысты табу; дауыссыздан кейін тұрған дауыстыны табу; жеке айтылған дыбыстар бойынша сөз құрастыру) _____

Сөздің буындық құрамын және дыбыспен толықтығын тексеру:

Буындық құрамы әртүрлі сөздерді қайталап айту:

Құрылысшы _____

экскаваторшы _____

балдырған _____

кұмырсқа _____

Буындық құрамы күрделі сөздерден құралған фразаларды қайталап айтуы:

Қарлығаш Қарағандыда тұрады.

Кітапханашы кітапханада балаларға кітаптар үлестіреді.

Балалар Алмаарасанға сапарға шықты.

Сөйлеу тілінің лексикалық жағын тексеру

Лексикалық материал	Түсінуі/Қолдануы
Адам мен жануарлардың дене мүшелері	
иегі	
қабағы	
Кірпіктері	
Тұмсығы	
Шынтағы	
белі	
білегі	
Қабырға	
Жал	
Тұяқ	
Мүйіз	
Тістер	
Жүн	
Зат және оның бөліктері	
Орындық: отырғышы, арқасы, аяқтары	
Ағаш: дің, тамырлары, жапырақтары, бұршақтары, бұтақтары	
Шәйнек: тұмсығы, тұтқасы, қақпағы, түбі, бүйірлері	
Сағат: тілі, цифрлары, циферблат	
Семантикасы күрделі сөздер	
Терезеалды	
Қантсалғыш	
Айдары (әтештің)	
Майсалғыш	
Жалпылама сөздер	
Киім, аяқ киім (ерлер, әйел, балалар, спорттық), бас киімдер	
Ыдыстар (шайға, асқа арналған)	
Жиһаз (балалар, ас бөлмесінің, ұйықтайтын бөлменің)	
Көлік (әуе, жер, су көліктері)	

Атауларды түсінуін және қолдануын тексеру:

мамандықтар және оларға қажетті құралдарды (сатушы-таرازы; дәрігер- қызу өлшегіш, шприц, халат; сылақшы –щетка, бояу; тігінші – тігін машинасы, қайшы, ине-жіп) _____

жануар және олардың төлдері (Оит-күшік, мысық-марғау, шошқа- торай, жылқы-құлын) _____

жануарлардың дауыстауын білдіретін әрекеттер (қарқылдайды, мөңіоейді, маңырайды, азынайды, шикылдайды, мияулайды, қорсылдайды, қыт-қыттайды) _____

сезімдер мен эмоциялар (жылайды, куанады, ашуланады, мұнаяды, таңқалады) _____

ауа-райының құбылыстары (қар, жаңбыр, жел, боран, бұршақ, аяз, ыстық, тайғақ, тұман) _____

мамандыққа қатысты әрекеттерге байланысты (қызуды өлшеу, оқыту, укол салу, пошта тарату, автобус жүргізу, тамақты өлшеу, нан пісіру) _____

жануар және өсімдіктер тіршілігіне қатысты әрекеттер (қазады, салады, гүлдейді, атады (бұршік), ұшады, өседі, ызындайды, секіреді, жорғалайды, өрмелейді, жорыққа шығады) _____

семантикалық жуық әрекеттердің атауы (жуынады-шомылады, ұйықтайды-жатады, сөйлейді- әндетеді, тоқиды-тігеді, шашады-төгеді) _____

көлем, пішін, түс, салмақ, температура, мезгілдердің сынын білдіретін сөздер (үлкен, кішкентай, ыстық, жылы, салқын, биік, аласа, жалпақ, жіңішке, қысқа, ұзын, ақ, қара, қызыл, жасыл, сары, реңктері, ауыр, жеңіл, төртбұрышты, үшбұрышты, сопақ, көктемгі, жазғы, күзгі (күздік)) _____

Іріктеу:

антонимдерді (тәтті-ашты, көңілді-мұңайған, ашық-жабық, таңертең- кеш, күн-түн, шулы-тыныш, жас-кәрі, пайдалы-пайдасыз, бұғу-жазу, кіру-шығу) _____

Синонимдерді (ұл-мықты, күшті, жігерлі; өзен –ағады, жылғадан өтеді; әліппби –әліппе, әңгімелесу-сөйлесу) _____

Сөйлемнің біртұтас мүшелерін (қар-жауады, жылтырайды, ериді; қуыршақ – үлкен, кішкентай, әдемі, сәнді) _____

Түсіндіру:

Сөздердің мағынасын (үйшік, апан, ұя, ожау, өшіргіш, тәрелке, тегеш) _____

Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын тексеру.

Туынды сөздердің мағынасын түсінуі (оқытушы, қойшы, тігінші, етікші, көрпеше, таяқша) _____

Сөзшығармашылығын анықтау (ойнайтын адамға ат бер, жуатын адамға ат бер, оқитын адамға ат бер, қой бағатын адамға ат бер) _____

Септіктерде қолдануы (орманға кім бара жатқанын көрсет; балалар орманға кіммен бара жатқанын көрсет; балалар қолдарына не ұстап алған) _____

Әңгіме құрастыруы:

Сурет бойынша _____

Түсінігі бойынша (сипаттамасы бойынша) _____

Суреттер сериясы бойынша _____

Әңгімені айтып беруі («Шалқан», «Бауырсақ», «Мақта қыз бен мысық»).

Сауат ашу элементтерін меңгеруі: баспа әріптерді тануы, оқу, жазу, буындарды қосу білігі _____

Логопедиялық қорытынды

Ұсыныстар _____

Қолданылған әдебиеттер:

1. Барменкова Т.Д. Характеристика нарушения связных высказываний у детей дошкольного возраста с ОНР: Дис. канд. пед. наук. М 1996. - 177 с.
2. Воспитание и обучение детей дошкольного возраста с общим недоразвитием речи. Программно-методические рекомендации. Т.Б.Филичева, Т.В.Туманова, Г.В.Чиркина. -М., 2009.
3. Выготский Л.С. Мышление и речь. Психика, сознание, бессознательное. М., 1934.-502 с.
4. Гальперин П.Я, Психология мышления и учение поэтапности формирования умственных действий// Исследования мышления советской психологии. М.: Учпедгиз, 1966. 236-277.
5. Гвоздев А.Н. Вопросы изучения детской речи. М.: Учпедгиз, 1961. 472 с.
6. Глухов В.П. Исследование состояние монологической речи старших дошкольников с общим речевым недоразвитием// Проблемы воспитания и обучения при аномальном развитии речи. М., 1989. 73-79.
7. Глухов В.П. Формирование связной речи детей дошкольного возраста с общим речевым недоразвитием. Москва.: АРКТИ, 2002. 144с
8. Ефименкова Л.И. Формирование речи у дошкольников, Москва, 1981.
9. Жукова Н.С. Отклонения в развитии детской речи. М., 1994. 128 с.
10. Ибатова Г.Б. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын қалыптастыру, магистрлік диссертация жұмысы, Алматы, ҚазМҚПУ, 2013ж.
11. Ибатова Г.Б. Тіл кемістігі бар балалардың диалогтік сөйлеуін дамыту әдіс-тәсілдері, «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеудің ерекшеліктері» Халықаралық ғылыми-практикалық семинардың материалдарында, Алматы, 25.11.2005г.,-76-79б.
12. Ибатова Г.Б. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларын тексерудің әдістері. //Хабаршы, «Арнайы педагогика» сериясы, Алматы, ҚазҰПУ, Абай атындағы ҚазҰПУ. №1(12) 2008ж., -51-58б.
13. Ибатова Г.Б. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөзжасам дағдыларының ерекшеліктері. Материалы Международной научно-практической конференции: «Модернизация педагогического образования: проблемы и перспективы» 26.11.2008ж.-98-105б.
14. Ибатова Г.Б. Жалпы білім беретін балалар бақшасындағы балалардың сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық жағының ерекшеліктері // Хабаршы, «Арнайы педагогика» сериясы, Алматы, ҚазҰПУ, №1(16) 2009ж.,-40-44б

15. Ибатова Г.Б. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық жағын тексеру, Ибатова Г.Б., Қилыбаева А.М., // Хабаршы журналы, «Арнайы педагогика» сериясы, Алматы, ҚазҰПУ, №4 (19) 2009ж.,
16. Ибатова Г.Б., Оразаева Г.С. Қазақстан Республикасында балаларға білім беру мекемелерінің әр түрлерінде логопедиялық жұмыстың ұйымдастырылуы және мазмұны. Оқу құралы, Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010ж.
17. Ибатова Г.Б. Мектепке дейінгі балаларда кездесетін сөйлеу тілінің кемшіліктері, // Педагогика және психология ғылыми-әдістемелік журнал, Абай атындағы ҚазҰПУ, №1(2) 2010ж. 132-136б.
18. Ибатова Г.Б. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды оқыту барысында ескерілетін қағидалар, Хабаршы, «Арнайы педагогика» сериясы, Алматы, ҚазҰПУ, №1 (24) 2011ж.
19. Ибатова Г.Б. Алалия. Оқу құралы. Алматы, 2011.
20. ҚР Білім 2011-2020ж. беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы 07.12.2010г. №1118.
21. Логопедия, Өмірбекова Қ.Қ., Серкебаев Қ., - Алматы, 1996.
22. Логопедия. Өмірбекова К.К., Оразаева Г.С., Тулебиева Г.Н., Ибатова Г.Б., Оқулық. Алматы, 2011.
23. Логопедия, Преодоление общего недоразвития у дошкольников, Н.С. Жукова, Е.М. Мастюкова, Т.Б. Филичева, Екатеринбург, 2006.
24. Логопедическая работа с дошкольниками, Г.Р. Шашкина, Л.П. Зернова, И.А. Зимина, -М., 2003.
25. Лалаева Р.И., Серебрякова Н.В. Формирование лексики и грамматического строя речи у дошкольников с общим недоразвитием речи. СПб., 2001. 224 с. 74.
26. Левина Р.Е. Воспитание правильной речи у детей. М.: Изд-во АПН РСФСР, 1958.-31 с.
27. Леонтьев. А.А. Язык и речевая деятельность в общей и педагогической психологии: Избр. псих. труды. М.: Моск. психолого- социальный институт, Воронеж: НПО МОДЭК, 2001. 214-276
28. Назарова Е.В. Формирование лексико-грамматической организации речевого высказывания у детей дошкольного возраста с недоразвитием речи: Автореф. дис. канд. пед. наук. М., 2000. -16 с.
29. Общее недоразвитие речи, Коржова Г.М., Оразаева Г.С., Алматы, 2009.
30. Особенности формирования речи детей дошкольного возраста. Т.Б. Филичева. -М. 1999.
31. Орфинская В.К. Типы моторной и оптической алалии: Уч. зап. ЛГПИ им. А.И. Герцена, т. 171.-Л., 1959.-С. 207-223.
32. Орфинская В.К. Принципы построения дифференцированной методики обучения алаликов на основе лингвистической

- классификации форм алалии. Уч. зап. ЛГПИ им. А.И. Герцена. В сб.: Развитие мышления и речи у аномальных детей. Л., 1963. т. 256. 297-308.
33. Развитие речи детей дошкольного возраста/ Под ред. Ф.А. Сохина. М., 1976.-224 с.
 34. Серебрякова Н.В. Логопедическая работа по формированию лексики у дошкольников со стертой формой дизартрии: Автореф. дис. канд. пед. наук СПб., 1996.-16 с.
 35. Смага А.А. Особенности понимания смысловой стороны слова детьми пятого года жизни: Дис. канд. пед. наук. М., 1992. 165 с.
 36. Соботович Е.Ф. Речевое недоразвитие у детей и пути его коррекции. М., Классик Стиль, 2003. 23-27.
 37. Туманова Т.В. Особенности формирования словообразовательных операций у дошкольников с общим недоразвитием речи: Автореф. дис. канд. пед. наук. М., 1997. 19 с.
 38. Филичева Т.Е., Чевелёва Н.А. Логопедическая работа в специальном детском саду. М.: Просвещение, 1989. 42 с.
 39. Филичева Т.Б. Недоразвитие речи у дошкольников и пути его преодоления: Автореф. дис. канд. пед. наук. М 1974. 18 с.
 40. Филичева Т.Б., Чиркина Г.В. Подготовка к школе детей с общим недоразвитием речи в условиях специального детского сада. В 2 ч Ч Альфа, 1993.-87 с
 41. Шаховская Н. Логопедическая работа по формированию грамматического строя речи детей, страдающих моторной алалией// Патология речи: Учёные записки МПГИ, т. 406. 1971. С 30-62.